✓ QOLAMTA

ДӘУІР КӨШІНДЕГІ ДӘСТҮР

ТӨРТ ТҮЛІККЕ ҚАТЫСТЫ АТАУ-ТІРКЕСТЕР

Бүгінгідей құндылықтар ауысып жатқан уақытта қалыпты тіршілігіміздің алыстай түскен дәстүрлі ұғымдар, ұстаным мен жоралғы сынды дүниелер де ақырындап ұмыт бола бастады. Тіпті, қазақылықтың құбылысындай болған ауылды жерлерде де бай мәдениетіміз бен мұрамызға алтын айғақ саналар атаулар мен ұғымның біразы ұмытылып, өзгесі жаңғырып, жасанып өзгеше терминге ауысқан. Өркениет өңдіршектеген, жаһандану жармасқан уақытта тұтынатын мүкәмәл-дүние мен бұйымдардың орнын, мыңжылдықтан бүгінге жеткен заттардың атауын жаңа ұғымдар алмастырды. Сол себепті дәстүріміздің сөнуге шақ тұрған қоламтасын үрлеп санада маздатар сәт соққан сынайлы.



Асыл СҰЛТАНҒАЗЫ

Расында жаһандану лебі ұлы құндылықтарымыздың көбін күресінге ысырып бара жатқан жоқ па деген ой кешесің. Жаз жайлауда, қыс қыстауда қызынып-қыздырмалатып күн кешіп, қырдың қызыл түлкісіндей құлпырған тіршілікте балағынан өрген баласынан тұлға сомдап шыққан кешегілердің даналығының дәлеліндей, ұлылығының ұнтағындай болған дүниенің бәрі қасаң тартты. Көбі шекілген үстіне кетіліп, жадыдан жұмбақ күйде өшіп барады. Мәселен, қаланың баласы тұрмақ қырдың қызыл шырайлы жеткіншегінің өзі төрт түлікке қатысты атауларды жаңылмай санамалап бере ала ма? Жастар түгілі қазіргі таңда қырық пен елу шамасындағы ауыл азаматтарының, ел ағаларының өзі кейбір дүниеден хабарсыз деп нақты айта аламыз.

Дәстүрімізді санада жаңғыртқан тұлғалардың бірі Қасымхан Бегіманов сынды елге белгілі ақын екенін бүгінгілердің бірі білсе, бірі білмейді. Көрнекті ақын осыдан бірнеше жыл бұрын этнография саласында жемісті еңбек етіп, шежіре кеуде ғалымдардан, ақсақалдардан дәстүрді жазып, хатқа түсіріп алған еді. Сол табанды һәм терсіңді еңбегінің нәтижесінде «Этнографпен әңгіме», «Дәстүр: кеше, бүгін, ертең» атты төрт томдық кітап жазып, оқырманға ақжолтайлаған. Аталмыш кітаптың бірінде Жағда Бабалықұлымен болған ғажайып сұхбатта қаламгер көп нәрсені айшықтаған. Соның бірі – қазақтың байырғы тұрмысына тән аталулар.

Қасымхан Бегімановтың «Этнографпен әңгіме» атты кітабында Жағда Бабалықұлы: *«...Есіме шаш, түк деген сөзге қатысты атау-тіркестер түсіп отыр. Кәдімгі малдың жүні болады ғой, соған қатысты біршама сөзді айтып өтейін. Жүн қырқу, жүн жұлу, күзем жүн, қозы жүн, жабағы жүн, қылшық, түбіт, мамық, шуда, түйе жүн, бота жүн, тайлақ жүн, жүнді жуу, ширату, өру, тоқу, тарту, түрлеу, шүйкелеу, келептеу, орау, тарқату, тарау, түту, білтелеу, қылшықтау, сабау, шабақтау, жүн тарту, су себу, тебу, құйыршық жеу, ысу, қайнату. Міне, бір ғана «жүн сөзінде қаншама атау тіркес бар?!»* – деп толғанады. Шынымен де бір ғана «жүн» сөзінің түрі мен оны іске жаратудағы атау-тіркестердің өзі 30-дан асып кетеді екен. Осыншама бай дәстүр, шұрайлы тілдің бүгінгі таңда өрісі тарылып, кейбір атау-тіркестер санадан өшіп, тұрмыстан қалып бара жатқаны көңіл жабырқатар дүние екені айтпаса да түсінікті.

Хош, төрт түлік жүніне қатысты отыздан астам сөз барын айттық. Ал ендігіде этнограф айшықтаған «тұяқ» пен «мүйіз» сөздерін санамалап шығайықшы. *«Жылқы тұяғы, сиыр тұяғы, түйе тұяғы, есек тұяғы, қашыр тұяғы, құлан тұяғы, қодас тұяғы, ешкінің тұяғы».* Бұл жұп һәм тақ тұяқтыларға қатысты атаулар десек те, біз «түйе тұяғы» деген сөзге күмәнмен қарап, тереңнен талдап көрдік. Өйткені қазақтың қолданысында «түйе табан» деген сөздің бары анық. Әрине, түйеде тұяқ болатынын баршамыз білеміз дегенмен, сөз қолданысында көп кездесе бермегендіктен, «осы түйенің табаны деп атаушы еді ғой?» деген секем ой-санада сайрап тұрды. Сөзді қуалай келе қазақ тіліндегі тұрақты сөз тіркестерінде «түйенің тұяғы түскен жер» деген сөйлем қолданылатынын білдік. Бұл «Ит арқасы қиянда», «айшылық жер» деген тіркестермен сарындас, «алыс» деген мағына беретін сөз екен. Бұл орайда *бастапқы тұяқ сөзінен ойысып, мүйіздерді санамалайық. Бұған: «арқар мүйіз, қаракүйрық мүйіз, қошқар мүйіз, теке мүйіз, ешкі мүйіз, ақтаң мүйіз, серке мүйіз, бұлан мүйіз, таутеке мүйіз»* сынды өзге де мүйіз атаулары кіреді. Мұның бәрін санамалай берсек, жоғарыда атап өткен «түйенің тұяғы түскен жерге» барып бірақ тоқтармыз. Тұрмыс салтымызға сіңісті болған осыншама бай сөзді, бай атауларды зерттей келе әрі таңданып отырып: *«Алла бағымызға орай бізді біраз дүниеден шектепті. Егер Африка сынды құрлықтарда мекен ететін жануарлар қазақ сахарасында тіршілік кешкенде атау-тіркестен көз сүрінгендей екен»,* – деп іштей риза кейіпте күліп алдық. Әрине, бұл қазақтың ділмарлығын әжуалағандық емес, осыншама биік парасатпен дүниенің бәрін дәстүр-салтында жаңғыртып, әрбір жанды-жансыз дүниеге өз ұғымы бойынша атау бергеніне риза болғандықтан.

Бұл орайда мүйіз бен тұяқтан жасалған бұйымдарды да аттап кете алмасымыз анық. Өйткені оның бәрін ата-бабаларымыз тұрмыста қолданып, мирас боларын бізге аманаттап кеткен-ді. Хош, аталмыш бұйымдарды санамалап шығайық: *«мүйіз қасық, мүйіз сап, мүйіз түйме, мүйіз тиек, мүйіз біз, мүйіз тебен, мүйіз қырықтық, мүйіз шақша, мүйіз құрттауыш, мүйіз сыдырғы, мүйіз сыдырғы, мүйіз ысқы, мүйіз ұршық, мүйіз ожау, мүйіз піспек, мүйіз дәндәку, қамшы сап, пышақ сап, бүркіт балдақ, мүйіз тарақ, мүйіз қатарма».* Міне, осының бәрі біздің ата-бабаларымыздың бай дәстүрінен, тұрмыс-салтынан сүзіліп шыққан атау-тіркестер, бізге мирас еткен этнографиялық терминдер. Бұл орайда Жағда Бабалықұлының аузынан «тілге қатысты айтқандарыңыздың шашауын шығармай еліңізге қайта аманаттайын» деген уәдемен сөз суырған Қасымхан Бегіманның еңбегін ерекше атап өтуіміз керек-ақ.

Айта кетуіміз керек – тұяқ пен мүйіз туралы айтып өткенімізбен, кейбір жазбаларда, әсіресе көркем шығармаларда тырнақты жануарлар мен аңқұстарға «тұяқты» теліп жіберетіндер бар. Мұны шабыт үстінде жіберген немесе логикалық қателік дегенімізбен, бұл шын мәнінде сөзге, ана тілге жасалған қиянатпен тең екенін жасыра алмаймыз. Сол үшін де *«бүркіт, қарақұс, тазқара, қозықұмай, жылан жегіш, үкі»* сынды құс атаулы және *«ит, қасқыр, аю, мысық, сілеусін»* сынды аңдарда тырнақ болатынын қаперде ұстаған жөн.

Дәстүріне берік ұстанымын, ұлы құндылығын қастерлеп келген қазақ елінің бүгінгі хәлін айшықтарға ауыз бармайды. Өйткені ұшқары айтып немесе кем сипаттап қоюымыз кәдік. Екінші жағынан ұлт үдерісіне, көшінің басына шығып дабыл қағар жүректілік кешегі Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов сынды кемеңгерлердің де бойынан табылмаған. Табылса да «көшін қай бел-белеске доғарса да қазақ қазақылығын жоғалтпайды» деген шығар. Алайда мынау алмағайып шақта осыншама бай мұрамызды тілдік саладағы телегей сөз кенішімізді сарқып алмай жадымызға тоқи аламыз ба екен деп алаңдайды көңіл шіркін! Сол үшін тым болмағанда дәстүрдегі дүниелерді осылай жаңғыртайық деп қолға қалам алдық. Сол үшін салт пен дәстүрден сыр шертетін сүйікті газетіңіз «Jetisý»-дағы» «Qolamta» айдарын назарда ұстап жүргейсіз, алдияр оқырман!

✓ АУЫЛ – ЕЛ БЕСІГІ

Фермерлік шаруашылықтарды дамытудағы жергілікті өзін-өзі басқарудың рөлі өте үлкен. Бұрынғы бір орталыққа топтасқан бір ұйымға бағынған ауыл тұрғындары жекешелендіру саясаты негізінде бірнеше жүздеген шаруа қожалығына ыдырап кетті. Қазіргі Жетісу облысында 20407 ауылшаруашылық бірлігі бар, оның 2416-сы Көксу ауданында. Оларды ірілендіру бағытындағы шаралар ойдағыдай нәтиже бермей келеді.

Фермерлік шаруашылықты дамыту

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылдың 1 қыркүйегіндегі халыққа Жолдауында: «Шаруалардың өзара ұжымдасуы ауыл шаруашылығын дамытуға жол ашып отыр. Біз осындай пилоттық жобаны жүзеге асырдық. Оған қатысқан ауыл шаруашылығы кооперативтерінің егіні екі есе артық өнім берген. Ал, мал басы шамамен 25 пайызға көбейген. Әр өңірдің ерекшелігін ескере отырып, оң тәжірибені бүкіл елге біртіндеп тарату қажет. Бұл салада озық технологиялар тапшы», – деген.

Соның әсерінен ұсақ шаруашылықтар мемлекеттің беретін жәрдемін, демеуқаржысын да ала алмайды. Ең бастысы, майда шаруашылықтарға бөлшектенген елді мекендерде ауылға иелік ететін, қамқорлық жасайтын ірі шаруашылық құрылымы болмай тұр. Соған орай жаңа заманның талаптарына сай ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуын қалыптастыру мақсатында жергілікті өзін-өзі басқарудың жаңа моделін енгізу бүгінгі күннің негізі мақсатына айналды.

2021 жылдың мамыр айында Жетісу облысы, Көксу ауданы, Жарлыөзек ауылдық округі аумағында «Ошақ» пилоттық жобасы іске қосылды. «Ошақ» жобасы бір жыл ішінде кеңестер, тренинг, ауылдық округ тұрғындарымен кездесу, тағы да басқа бірлескен іс-шара өткізді. Тұжырымдаманы жүзеге асырудың негізгі мақсаты – ең алдымен ауыл тұрғындарын біріктіру, бұл үшін болашақ жергілікті өзін-өзі басқару органы ретінде еліміздің басқа аймақтарында «Ошақ» пилоттық жобасын 2023 жылы іске қосу қажет. Шетелдік және отандық сарапшылардың пікірінше, пилоттық жобаны жүзеге асыру тек мемлекеттік органдардың ғана емес, сонымен қатар, Қазақстандағы жергілікті өзін-өзі басқарудың дамуына кумулятивті мультипликативті әсер етеді. Сондықтан Жарлыөзек ауылдық округі аумағында «Ошақ» пилоттық жобасын осы тұжырымдама негізінде жалғастыру үшін оны «Жергілікті өзін-өзі басқару әкімшілігі» деп атап, оның аппаратын қайта қарастыруымыз керек. Пилоттық жоба шеңберінде қазіргі ауылдық округ әкімі аппаратының орнына жергілікті өзін-өзі басқару әкімшілігін құрып, 2023 жылы оны сынақтан өткізуді қамтамасыз етсе нұр үстіне нұр болар еді.

Себебі, жергілікті өзін-өзі басқару әкімшілігіне елді мекендерді абаттандыру, санитарлық тазалау, көгалдандыру жөніндегі жұмыстарды өз бетінше орындауға, сондай-ақ, кеңестің шешімі бойынша жергілікті тұрғындарға өтеулі негізде қызметтер көрсетуге заңнамалық тұрғыда мүмкіндік беріледі. Жергілікті маңызы бар мәселелерді шешуде икемділікті, жеделдік пен тиімділікті қамтамасыз ету үшін жергілікті өзін-өзі басқару әкімшілігінің қызметіндегі көптеген бизнес-процесс оңтайландырылады. Осыған байланысты әкімшіліктің кадрлық құрамын қалыптастыру өзгеше тәртіппен жүзеге асады. Бұл ретте жергілікті өзін-өзі басқару әкімшілігі қызметшілерінің штат саны ауылдық округтер үшін штат санының лимиті шеңберінде айқындалатын болады.

Өз кезегінде, ауылдық округ әкімі бюджет қаражатын үнемдеу есебінен еңбек шарты бойынша қосымша жұмыскерлерді қабылдай алады. Бұдан басқа, жергілікті өзін-өзі басқару әкімшілігіне жұмысқа білікті және тәжірибелі кадрларды тарту мақсатында әлеуметтік-қаржылық қолдау көзделеді. Осы мәселелерді шешу үшін мемлекет тарапынан нақтылы шаралар қарастырылған.

Оларды іске асыру 2025 жылға қарай өңірлердің аумақтық, экономикалық, әлеуметтік жағдайына сәйкес келетін, фермерлік шаруашылықтарды дамытуға, сондай-ақ, тұрғындар мен тұтас мемлекеттің мүддесіне жауап беретін жергілікті өзін-өзі басқарудың жаңа моделін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Асқар ШАРИПОВ,
экономика ғылымдарының докторы, Қазақстан ауылшаруашылық ғылым академиясының академигі, Қазақстан фермерлер қауымдастығының Жетісу облысы бойынша филиалының бастығы

✓ ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП

АНДАС ӘУЛЕТІ «Jetisýǵa» 30 оқушыны жаздырды

Бейсен Құранбек атындағы журналистер үйінде Жетісу облыстық білім басқармасы, «Казпошта»АҚ Алматы облыстық филиалы және «Мерейлі отбасы – 2022» Ұлттық байқауының жеңімпазы Андас әулетінің ұйымдастыруымен мәдени, тағылымды шара өтті. Оған облыстағы аудан-қаладан білімге құштар, өнерге бейім, ұлттық құндылыққа жаны жақын 30 оқушы мен олардың жетекшілері қатысып, өнерін көрсетіп, өрлігін танытты.



Серік ҚАНТАЙ

Шараны облыстық «Jetisy» газеті бас редакторының орынбасары, ақын Жұматай Әміре жүргізіп, алдымен аталмыш шараның мән-мағынасын түсіндірді:

– Ғасырдан ұзақ тарихы бар облыстық «Jetisý» газетінің қазақ руханияты үшін сіңірген еңбегі ерен. Қазақ әдебиеті мен мәдениетінде орны бөлек кешегі Ілияс, Мұхтар, Мағжандар бастаған ұлы көштің бәрі де «Jetisy» газеті арқылы танылып, есімі тарихта қалды. Одан кейінгі сан буынды тәрбиелеуде де басылымның орны ерекше, беделі биік болды. Міне, бүгінде сол дәстүрді Андас әулеті жалғастырып, облыстың аудан-қаласынан 8-10-сынып аралығында оқитын 30 оқушыны «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында қарашаңырақ газетке жаздырып, демеушілік танытып отыр. Әрине, білімге, ғылымға, руханиятқа жасалған демеушіліктің бағасы үстем болатыны анық, – деп атап өтті.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлытауда өткен Ұлттық кеңесте берген тапсырмасы аясында жүзеге асуда. Облыстық білім басқармасының бас маманы Руслан Арсыланов аталған жоба аясында облыста қандай шаралардың атқарылып, нендей жетістіктерге жеткені туралы баяндаса, «Казпошта» АҚ Алматы облыстық филиалының жетекшісі Айбол Таңжарбек оқушыларға поштаға жазылған түбіртегін табыс етті.

Келесі кезекте Андас әулетінің отанасы, «Парасат» орденінің иегері, «Алтын алқалы» ана Әуесхан Мажайқызы балалардың болашағына сәттілік тілесе, осы әулеттің ұлы, әріптесіміз Қажет Андас әулет құндылығы туралы айта келіп, тарихшы, айтыс және жазба ақын Андас Омарақынның «Тарих талғарында», «Дода», «Жылдар ізі» атты 3 томдық еңбегін таныстырып, оқушыларға сыйға берді. Сондай-ақ, облыстық білім басқармасы мен Андас әулеті бірлесе отырып, алдағы жарты жылда «Оқуға құштар мектеп» жобасы негізінде жүргізілетін «Андас Омарақын оқуларының» ережесімен таныстырды.

– Жаңа бастама бүгінгі шараға қатысқан 30 оқушының арасында, алғашқы жарты жылдықта сынақ ретінде өтеді. Ол «Тарих талғарында» жас өлкетанушылардың ғылыми жұмыстары байқауы, «Дода» атты жас айтыс ақындарының айтысы және «Жылдар ізі» атты жас жазба ақындар мүшәйрасы сияқты үш бағытта жүргізіледі. Әр номинацияға дайындалған оқушылар еңбегінде Андас Омарақын шығармашылығын үлгі етуі керек. I, II, III дәрежелі орын алған үміткерге облыстық білім басқармасының Алғыс хаты мен Андас отбасы атынан қомақты ақшалай жүлде тағайындалады. Үш номинация бойынша I орын алған оқушылар оқитын мектепке облыстық білім басқармасының «Оқуға құштар мектеп» атты көшпелі туы тапсырылады, – деді ол.

Келесі кезекте әр өңірден келген оқушылар өз өнерлерін көрсетіп, өлең оқып, айтысқа түсіп, шараның шырайы ашыла түсті.

✓ БІЛІМ

Қоғам мен мемлекет дамуының басты тетігі сапалы білім беру. Рухани, мәдени саламыздың нығаюына, адами қасиеттердің жоғарылауына, жеке адамның жетістіктерге жетуіне білімнің ықпалы зор екендігі күннен-күнге айқындалып келеді. Еліміздің келешегі болып саналатын жас ұрпаққа сапалы білім беру – педагогтың басты міндеті.

Педагогтың басты міндеті

Педагог қауымына жай ғана білім беру емес, өркениет көшінен орын алып, жол бастауға қабілетті азаматтар тәрбиелеп шығару міндеттелген. Біз өмір сүріп жатқан кезең – жаңа көзқарастардың жиынтығы. Бұл бағытта гиперактивті балалардың энергиясын тұрақты, берік білім негізін қалыптастыруға бейімдеу маңызды. Мұғалімдер оқушының тек танымдық мүмкіндіктерін ғана емес, сонымен бірге эмоционалдық, психомоторикалық қабілеттерін шындап, ақпаратты талдай білуге баулуы қажет.


Біздің мектебімізде осы бағытта 7 мектеп тренері, 16 педагог-зерттеуші мұғалім жұмыс істейді. Жас мамандарға тәлімгерлік қызмет ұйымдастырылған. Соның нәтижесінде 2021-2022 оқу жылында сапалы жұмыс көрсетіп, бірнеше жас маман жылды табысты қорытындылады. Атап айтсақ, оқушыларымыз ағылшын тілі пәні мұғалімінің жетекшілігімен аудандық «Ұшқыр ой алаңы» атты пікірсайыс турнирінде бас жүлде, облыстық кезеңде жүлделі 3-орын иеленді. «Тіл шебері» байқауының жеңімпазы шықты.

Сонымен қатар мектеп мұғалімдері Талдықорған қаласындағы Мұхтар Арын атындағы №24 Экономика және бизнес арнаулы лицейдегі әріптестерімен педагогикалық тәжірибені тарату бойынша бірлескен іс-шаралар өткізді, пікір алмасты. Нәтижесінде мектеп оқушылары республикалық, облыстық, аудандық пән олимпиадасының жүлдегерлері атанып, биік белестерден көрінді.

Мөлдір АМАНГЕЛДІҚЫЗЫ,
Н. Алдабергенов атындағы орта мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары
Көксу ауданы

68 МЫҢ КІТАПТЫ ТАУЫСҚАН ЖІГІТ

Түркістан облысы Түлкібас ауданындағы Тастұмсық ауылында Мейірхан Топанбай есімді жігіт бар. 28 жастағы азамат ес біліп, әріп танығалы 68 мың кітапты оқып тауысқанын айтады. Ол осынау оқу-білімнің қызығына кіргеннің нәтижесінде 10 тілді меңгерген.



КІТАП ОҚУ ӨМІРГЕ ДЕГЕН КӨЗҚАРАСЫҢДЫ ӨЗГЕРТЕДІ

Ауыл кітапханасында кітапханашы болып жұмыс істейтін бірінші топтағы мүмкіндігі шектеулі жас жігіттің айтары да көп. «Иә, 68 мың кітап оқуды қиял деп қарайтын, ол мүмкін емес деп санайтындар бар. Бірақ ол – мүмкін! Адамның жан тынысын ашатын дүниедегі жалғыз нәрсе – кітап. Кітапты ештеңе алмастыра алмайды. Адамзаттың негізгі мұраты – адам болу болса, сол мұратқа жеткізетін кітап», – дейді Мейірхан бізбен әңгімесінде. Ол, 2021 жылы Шымкент қаласық жасөспірімдер кітапханасының және Түлкібас ауданының жыл үздіктері таңдалған түста «Үздік оқырман – 2021» атанған. Осы кезде оқыған кітаптарының тізімі арнайы хаттамаға енгізіліп, ұсынылады. Соңда оның университет кітапханасынан 3987 кітап, арнайы кітапханадан 29 мың 536 аудио және брайль кітап, аудандық кітапханадан 27 777 кітап, Жаскешу ауылдық кітапханасынан 404 кітап, Тастұмсық ауылдық кітапханасынан 198 кітап оқығаны белгілі болған. Бұл 2021 жылғы санақ қана. Одан бері 3 мыңнан аса жәй кітап, 4100 брайль кітап және 389 аудио кітапты тауысқан.

Оның отбасында анасы кітапқа құмар екен. Анасы – шет тілдерінің мұғалімі Үлбосын Абешова. Ал марқұм нағашы әжесі «Оқымаған оқығанға қызмет қылады. Әлем осы қалпында тұрмайды», – деп бала күнінен құлағына құйып өсіріпті. Әжесі Салиха Дәрібаева бірнеше жыл зейнетақысын жинап, Ресейден мың дана кітапқа тапсырыс беріп алдырған. Ал нағашы әжесі Жұмаш апа «жүйкең тыныштала ды», – деп, шұлық тоқуды үйреткен. Бүгінде қолөнер жұмыстары да Мейірханның тұрақты хоббиі. Мектепті үйден оқыған жас бала кітаппен бес жасынан бастап сусындаған. Ең алғаш Решат Нури Гүнтекиннің «Бозторғайы» мен Шыңғыс Айтматовтың «Атадан қалған тұяқ» атты кітаптарымен танысқан. «Екеуін бірдей кезеңде бастап, бірдей кезеңде аяқтадым», – дейді ол. Сол жылдары «Бозторғай» телехикаясы отандық арналардан көрсетіліп, сол телехикаяның әсеріне қатты берілсе керек, әжесі жас жігіттің туған күніне сол кітапты сыйлайды. Бала Мейірханның алғашқы кітап оқуы осыдан басталған. «Ал менің шын кітап құмар болуымның себепкері – ұстазым Жанна Нұралықызы Ботабаева. Филология ғылымдарының докторы, 20 жылдан бері сал ауруына шалдыққан балаларға тіл үйретіп жүрген мықты оқытушы. Жай оқытушы емес, білімді, жан дүниесі ауру жанын ұғатын алтын жүректі адам. Мен Рабиға Әбдімұсақызы басқаратын академик Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университетінде екі бірдей жоғарғы білім алдым. Жанна Ботабаева гуманитарлы-педагогикалық факультетінің деканы және орыс тілінен дәріс берді. Қазір Ж.Тәшенов университетінің филология кафедрасының меңгерушісі. Осы кісі бір аптада 14 кітап оқудың жолын көрсетті. Бұл деген үлкен уақытты әрі жүйкені талап етеді. Әр аптада он төрт кітап оқу бойынша қысқаша талдау ұйымдастырды. Түнгі он екі-бірге дейін оқыған кітаптарымызды сөз ететінбіз. Бір аптада 17 кітап оқыған кездеріміз де болды», – дейді өткенін еске ала отырып Мейірхан. Сонымен бірге ол «Жетістік – жалғыз адамның ісі емес, ол – ортаның сенімен байланысынан туатын ортақ еңбек. Кітап оқу – жан қайғыңнан арылтып, өмірге деген көзқарасыңды өзгертеді. Менің өмірімде екі жол тұрды. Бірі – мүгедектігіме мойынсұнып, бір бөлмеге қамалып қалу, екіншісі – өз үнімді әлемге естіртіп, жаһанға өз атымды қалдыру. Білесіз бе, сал ауруларын көбі ақыл-есі кеміс деп санайды. Бірақ біздердің бәріміз сондаймыз ба? Жоқ, әрине! Біз мас адам сияқты теңселіп жүреміз. Сал ауруына жармасқан ауруымыз – талма. Бәзбіреулердің теңселіп жүргеніміз үшін мас адамға балап, талмамыз үшін ақылы кемге санап жатқаны жаныма қатты батады. Өзгерген ештеңе жоқ», – дейді өмірге құштар жігіт.

О баста кітапханашылықты армандамаса да кітапқа деген құмарлық мұны еріксіз осында жетелеген. Мұны тағдырым деп санаған ол, бүгінде күн сайын массаждан соң жұмысына келуге асығады. Себебі мұнда жақсы адамдар бар. Олармен дидарласып, рухани әңгіме-дүкен құрудың өзі бір ғанибет. «Менің бар байлығым – кітап пен кітапханадан тапқан достарым, әріптестерім. Жалғыз болсам, мен ештеңеге қол жеткізбес едім. Тәжіктерде «Сен қадам жасауды бастамасаң, бұлаққа да, бақа да жетпейсің» деген сөз бар. Жүріп-тұрудан бөлек, адамдардың көзқарасының өзі де ауыр тиеді. Кедергілер де жиі кезігеді. Адамдар әлі бізді толық қабылдауға дайын емес. Дайын емес деп отыра беруге де болмайды. Бар екенімізді көрсетуіміз керек деп ойлаймын. Біздің қоғам мүгедектігі бар азаматтарға аяныштың халмен немесе масыл деп қарайды. Сонымен бірге көпшілігі оларды жұмыска алудан қашады», – дейді тағы бірде Мейірхан ішкі жан дүниесіндегі арпалысты сездіріп.

10 ТІЛДІ МЕҢГЕРГЕН

Біз кейіпкеріміздің 10 шет тілін білетінін естіген соң «адам өзін-өзі жетілдіру арқылы, өздігінен бірнеше тілде меңгеруі мүмкін бе?» деп сұрадық. Мейірхан тіл үйрену өзін бір нәрсеге алдандырудың жолы екенін, олай жасамаса бәрі ауыр болатынын жеткізді. «Бойымдағы дертті ұмытып, өзімді адам сезінудің жалғыз жолы да осы – тіл үйрену болды. Мен әр сөздің мағынасына бала кезден мән беріп қарап, әр тілдегі ең ғажап деген сөздерді үйренуді әдетке айналдырдым. Өзімнің жүрегіме ана тілімнен кейін ең жақыны – түрік, испан, француз тілдері. Тіл үйренуді өмірімнің алданышына айналдыру арқылы көп достар таптым. Өзімді таптым. Сыйлас адамдарымның саны көбейді. Бірде ұстазым академик Рабиға Қуатбекова: «Мейірхан, сенің адамдығыңды айшықтап тұрған нәрсе – адалдығың мен адамға деген махаббатың. Сол қасиетің тіл үйренуіңе де себепкер сияқты. Жолыңда жақсы адамдар кездесіп, үлкен-үлкен есіктер ашылатынына сенімім зор. Тілдің киесін ұғынып, өзіңді тіл ғылымына арнағаныңа лайша шабыт беріп отырған әжесі бүгінде өмірден өткен. Одан бөлек, анасы жағынан туыс болып келетін қоғам қайраткері Мырзагелді Кемелдің құнды кеңестері өміріне пайдалы болғанын да атап өтті. Француз тілін мектепте үйренген ол қазір итальян тілін оқып жатыр. Неміс, парсы, поляк және тәжік тілдерін оңай меңгерген ол ең қиыны ағылшын тілі екенін айтады. «Тілді арнайы емес, онлайн арқылы да ізденіп оқуға болады. Жалпы кез келген тілді жас кезде үйренген дұрыс. Бала тез қабылдайды», – дейді орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі мамандығын алған ол. Оның әлі күнге дейін өзі білетін тілдерге әр күні 10 минуттан арнап, өлең оқитын әдеті бар. Оны қойын кітапшасына қазақшалап жазу арқылы санасын жаттықтырып, көкжиегін кеңейтеді. Бос уақытында шетел авторларының шығармаларын қазақ тіліне аударады. 2021 жылы аудармалар жинағы енген «Ақиқаттан аттамайық, бауырым!» атты кітабы жарық көрді.



МҮГЕДЕК ЖАНДАРДЫҢ МҰҢЫ КӨП

Өмірде мүгедектігі бар балаға үлкен күтім және отбасының сенімі ауадай керек. Егер оған сенімсіздік танытып, «бұдан ештеңе шықпайды!» дейтін болса, бала құлдырайды. Оңсызда еңсесі төмен жан езіліп кетеді. Сондықтан айналасы, туыстары оны жігерлендіріп, жетістікке жететінін үнемі еске салып отырса, ол талпынады. «Мен ата-анамның қолдауының арқасында қиындықтардан өттім. Әрине, әлі де қиындық болып тұрады. Аяққимімнің бауын әлі күнге анам байлап береді. Киіндіріп, тамағымды пісіреді. Анам үшін мен үлкен ауыртпалық болдым. Барлық сынақтарды әжем мен анам үшеуміз көріп келеміз. Талма ауруынан көзімнің көру қабілеті кеміген кезінде де осы үшеуміз сынақтан шығу жолын іздедік. Анам мені орта жастан асқанда өмірге әкелген. Сал ауруы деген диагнозымды естігенде дүниеден баз кешіп кете жаздапты. Балқарларда: «Тірлік етпегеннің өмірге берері жоқ» деген әдемі есті сөзі бар. Мендегі өмірлік мақсат – адамға масыл болмау. Үйде жатып, өзімнің талантымды тұншықтырып, болмысыма қиянат еткім келмейді. Жанымды жадыратар бір жақсылық болса, ол – жұмыс істеуім. Себебі егер жұмыс істемесем, күнделікті қолданатын дәрімді анам мен әкем зейнетақысынан әперер еді», – дейді Мейірхан.

Әкесі Мейрамбек Топанбаевтың ұлын емдетемін деп 75 жаска дейін күзетші болып жұмыс істегені Мейірханның жанына қатты батқан. Сол себепті де Мейірхан жұмыска араласып, әкесінің жастайынан көрген бейнетінің зейнетін көрсін деп оны жұмыстан босатты.

Бүгінде өзі туып-өскен ауылда кітапханашы болып жүрген жас жігіт осы жолда өзіне үлкен қолдау көрсетіп, жұмыска қабылдануына көмектескен аудандық мәдениет бөлімінің басшысы М.Амановка, аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің басшысы Қамар Мекембайқызына ризашылығын білдіреді. «Тастұмсық – өзім суын ішіп, топырағына аунап өскен ауыл. Әркім өз туған жерінде сұлтан ғой, кітапханаға келген кезде үлкен жауапкершілікті сездім. Ауылдық кітапхана болған соң ауылдық округ мектептерінің кітапханашыларымен байланысты арттыруға, мектеп оқушыларын кітап оқуға тартуға бар күш-жігерімді жұмсауға тиіс екендігімді саналы түрде ұқтым. Кітапхана меңгерушісі Гүлазима Құлажанқызы барлық жағынан қолдау көрсетіп, бауырындай қарады. Жұмыста өз отбасындағыдай жанашыр адамдар болмаса, ісің өнбейді. Кемшілігіңмен қабылдап, қолдау көрсетпеген жағдайда ол ортада өзіңді таба алмайсың. Әріптестеріммен жұмыс барысында жиі кітап талқылаймыз. Оқырмандарға кітап оқуды насихаттаймыз», – дейді ол.

Мейірхан бүгінде қоғамда арагідік айтылып қалатын кітап, кітапхана керек емес деген сөздерге наразы. «Техниканың отаны – Жапония мен Германия неге кітаптан бас тартпай отыр? Олар жаңа технологиялық қағаз кітапты алмастырмайтынын медициналық тұрғыдан зерделеп біліп, қағаз кітапты оқудың денсаулыққа пайдасын санамалап көрсетіп берді. Кітап оқымаған адамнан ұлы істер күту бекер», – дейді ол.

Біз өмірге құштар жігіттің еңбеккорлығына тәнті болдық...

Назгүл НАЗАРБЕК,
Түркістан облысы

Талдықорған қаласында бір әулеттің бірнеше ғасырлық мұрасын сақтап, бүгінге жеткізген Әуесхан Мажай атты апа тұрады. Кеудесінде «Алтын алқасы» жарқырап тұратын апа былтыр тағы бір мәртебелі орденге ие болған. Оны Жетісу өңіріне іссапармен келген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың өзі тапсырған. Сол жолы Президент Әуесхан Мажайқызының сақтап, бүгінгі жеткізген бүтін бір әулеттің мұрасынан бір музей ашуға болатынын айтқан.

Аманат арқалаған ӘУЕСХАН АПА

Шынында, Әуесхан Мажайқызы бір әулеттің бірнеше ғасырлық мұрасын ұқыптап сақтап, шекараның сан қыспағын өткере жүріп, Қытайдан атажұртқа жеткізген.

– Андас әулеті аталарынан бері билік ұстаған, алыс-жақынға сыйлы еді. Жүз сарбазымен қалмақтармен соғысып қайтыс болған Құдайназар батыр, Цин патшалығының патшасы Циянлұнмен кездескен қазақтың алғашқы бітімгерлерінің бірі Есенгелді би, інісі Солтангелді мырза, Қаракерей Қоңыз батырмен Қытай отаршылдарына қарсы шапқан Ұлтарақ батыр, өз кезінде қылтамақты емдеп, ел ішінде «жан қалса, Жансарбайдан қалады» деген сөз қалған Жансарбай емші аталарымыз жайлы үлкендер жиі айтатын. Өкінішке қарай, 1952 жылы Қытайдағы ұжымдастыру кезінде аталарымыз құғындалып, бар мүлкі тәркіленді. 1966 жылы басталған мәдени төңкеріс кезінде де көп қиындық көрді. Мен осы әулетке 1969 жылы келін болып түстім. Сол 1969 жылдан 1976 жылға дейін біздің үйімізге 3 рет тінту жүргізді. Мен келмей тұрғанда да бірнеше рет тоналған екен. Қызыл белсенділер алдымыздағы қасығымызға дейін тартып алып, қоқысқа апарып тастайтын. Түнде атам Омарақын Жансарбайұлы мені ертіп алып, елге көрсетпей сол заттарды үйге әкеліп, қора-қопсыға тығып қоятынбыз. Тіпті, жәдігерлердің арасында 40 жыл жерге көміліп жатып, кейін қазып алынғандары да бар. Атам 1976 жылы қайтыс болар алдында мені шақырып алды да барлық жиған-терген жәдігерлердің атын атап, қай атамыздың мұрасы екенін қағазға жаздырып, өз қолымен жасаған үлкен ағаш сандыққа салдырды да: «Тірлігімде қадіріне жете алмадым, тапсыратын жеріне өз қолыңмен өткіз», – деп өсиетін айтып, қайтыс болды. Ол кезде жаспын, мұнысы несі деп таңғалып едім. Сол аманаттың астарына не жатқанын бүгін біліп жүрмін, – дейді кейуана.

Әуесхан апа бұл аманатты елге жеткізуі де оңай болмапты. Сол үшін қазақ-қытай шекарасын 90 рет кесіп өтіпті. Басында шекарашылардың бірі «Көне затты қайтесіз, апа. Лақтыра салмайсыз ба?» – деп әжуаласа, кейбірі жәдігерді сатыңыз деп қолқа салыпты. Осылай жүріп атасының қара сандыққа жинаткан дүниесін толығымен елге жеткізген. Оның ішіндегі алып жүруге қолайсыз ежелден келе жатқан мыс қазан, жады сияқты заттарды ҚХР-дағы Күнес аудандық музейіне тапсырып кетіпті. Қазір апаның қолында осындай құнды жәдігердің 700-ден астам данасы бар. 2019 жылы 100-ге жуық жәдігерді «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Атамекен» тарихи-мәдени орталығының қорына тапсырып, мемлекеттік тізімге қостырыпты.

Құнды жәдігерлердің қатарында Солтангелді бидің күмістелген ер-тоқымы, (XVIII ғасыр), Шәкіл Ақтүбітұлынан қалған бүркіттің тұмсығы (XVIII ғасыр), Ұлтарақ батырдың (XIX ғасыр) қару-жарағы, Жансарбай Ұлтарақұлының (XIX-XX ғасыр) емшілікке пайдаланған құрал-жабдығы, аңшылық бұйымдары, XIX ғасырда Ресейде жасалған самаурын, Омарақын зәңгінің (XX ғасыр) өзі өрген ат-әбзелдерді секілді дүниелер бар.

Елге келген соң қарап жатпай, сол мұраларын Астана, Алматы, Түркістан, Тараз, Талдықорған қалалары мен Жетісу облысының аудан-қалаларында өткен көрмелерге апарып, жұртқа таныстырып, елге өнеге көрсетіп келеді. Осыдан кейін бір әулеттің құнды мұраларын қанша қиындық көрсе де елге жеткізіп, үрпаққа өнеге етіп отырған Әуесхан апаның табандылығы, ата аманатына адалдығы мен игі ісін парасаттылық деуге болады.

Қазақта отбасы құндылығы, ерлі-зайыптылар ортасындағы сыйластық, әке-бала ортасындағы сүйіспеншілік деген баға жетпес құндылық бар. Әуесхан апа осылардың барлығын бойына жиып, оны ұрпақтарының санасына ұялатып келеді. Апаның қосағы Андас Омарақын өз кезінде талай айтыста топ жарған айтыскер, шетелдегі қазақтардың тарихын зерделеген тарихшы, қаламын қару еткен жазушы болған. 1944 жылы Қытайдың Күнес деген жерінде туып, 2015 жылы Талдықорған қаласында мәңгілік сапарына аттаныпты. Андас ағамыз – өзге елдің солақай саясатының кесірінен «Бай-манаптың баласы» атанып, шеткақпай көріп, шығармашылықпен айналысуға шектеу қойылған жанның бірі. Жас кезінде жазған дүниелерін қызыл белсенділер өртеп кетсе де, өмірінің соңғы он жылында Қытайдағы саяси жағдайдың түзелген тұста Қытайдағы қазақтардың тарихына қатысты 17 кітап шығарып, сол еңбегі үшін 2010 жылы ҚХР мемлекет дәрежелі сыйлығы беріліпті. Әуесхан апа аталарының жәдігерлерін сақтаумен бірге жолдасы Андастың баспа бетін көрмеген бірнеше мың беттік қолжазбасын, былайша айтқанда, бір жапырақ қағазына дейін қалдырмай, елге ала келіпті. Өткен жылы балаларын ұйымдастырып, Андас Омарақынның 7 томдық еңбегін жинақтап, оның «Тарих талғарында» (тарихи зерттеулер, «Дода» (айтыстар), «Жылдар ізі» (өлеңдер жинағын) атты үш томдығын өз қаражатымен шығарып, оқырмандарға ұсынды. Бүгінде сол еңбек жас ұрпақтың бойына ұлттық қазынамызды сіңірудің құралына айналды. Жетісу облысы әкімдігі Білім басқармасы, Андас әулеті бірлесе отырып, «Андас Омарақын оқулары» атты үлкен жобаны қолға алды. Оған облыстағы ынталы, әдебиет пен тарихқа, айтыс пен өлкетануға құштар отыз оқушы қатысып жатыр. Жарыс нәтижесі жазға қарай шығарылады.

Айта кетерлігі, былтыр Әуесхан апа бас болып, Жетісу облыстық мемлекеттік архивінің жанынан Андас әулетінің отбасылық ғылыми тектік қорын ашып, оған 56 іс, мыңнан аса қолжазба құжат, кітап, баспа материалын, ғылыми диссертациялық жұмыстың түпнұсқасын өткізді.

– Қытайда атамыз «Халық жауы» атанып, күйеуім советті аңсайтын «сасық зиялы» деп танылып, 30 жыл қысымның сан түрін көрдік. 1980 жылдардан кейін Қытайдағы жағдай тұрақталған соң біздің өміріміз де түзеле бастады. Балаларымның бәрі ата жолын қуып, әке аманатын ардақтап келеді, – дейді ол.

Апамыздың балалары бүгінде әр салада жұмыс істейді. Олар Қытайдың және Қазақстанның таңдаулы оқу орындарын бітірген. Айта кетерлігі, Андас отбасы мүшелері қаламгерлік пен ғылымды тең ұстаған. Бүгінде 8 баласының жетеуі ғылым магистрі.

Адал еңбек қашанда адамды алға жетелейді. Өткен жылы Әуесхан апамыз ұйытқы болған Андас отбасы «Мерейлі отбасы – 2022» Ұлттық байқауының республика бойынша лауреаты, Жаңадан құрылған Жетісу облысы бойынша алғашқы жеңімпазы атанды.

Өткенде ғана Әуесхан апа тағы да жақсы дүниені қолға алды. Өзінің зейнетақысынан жиналған қаражатымен Жетісу облысының аудан-қаласындағы 30 оқушыны Жетісу облыстық «Жетісу» газетіне жаздырып, қазақ баспасөзіне қолдау танытты.

– Бұл істі ақшамыздың көптігінен істегеніміз жоқ, атақ-абырой алайық деген ниетіміз де болмады. Егер ел өркенді, жұрт берекелі болсын десек, алдымен руханиятқа қайырымдылық жасалуы керек. Осынау ізгілікті қадамды басқа жандарды да руханият сынды ортақ іске тартайық деген оймен қолға алдық, – дейді апамыз.

Әуесхан апа бүгінде Талдықорған қаласының Еркін ауылында тұрады. Қарапайым ғана өмір сүріп, балаларына ақыл айтып, немерелеріне үлгі-өнеге көрсетіп жүр.

Болат АБАҒАН,
Жетісу облысы

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

19 НАУРЫЗ МАРТА 2023

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ЖӘНЕ МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУ

ӨЗ ТАҢДАУЫҢДЫ ЖАСА!

ЕР МОЙНЫНДА ҚЫЛ АРҚАН ШІРІМЕЙДІ



Қымбатты, жетісулық жерлестерім!

Жетісу облысы бойынша №17 бірмандаттық округтен ҚР Парламенті Мәжілісіне кандидаттыққа өзімді ұсынып отырмын. «Елге қызмет ету – мінезден» деп Алаш арысы Әлихан Бөкейханов айтқандай, елге қызмет етсек, жұртқа сүйеніш болсақ деген ниетпен осы бір бәсекеге тәуекел еттік. Артық уәде беруден аулақпын. Қолымнан келетін, ойымда жүрген түйткілді мәселелерді көтеретін өз бағдарламамды назарларыңызға ұсынып отырмын.

Құрметпен Қажет АНДАС

1. Еліміздегі экологиялық жағдайды нашарлататын трансшекаралық өзендердегі келісімдердің жүзеге асуын қадағалап, ішкі өзен-көлдердің сарқылуын туындатқан адами факторды, қатты тұрмыстық қалдықтарды, елді-мекендерге қарасты аумақтардың шөлейттенуін тежеу, орманның тоналуын, табиғат байлығының жоспарсыз игерілуін, балық шаруашылығына қатысты кедергілерді қадағалауға бағытталған тиісті шаралардың қабылдануына мұрындық болу.

2. Игерілмей жатқан жерлерді ел игілігіне қайтарып, мал жайылымын реттеу, шалғай ауылдардағы демографиялық жағдайды түзейтін, ауызсу, интернет байланысы, шағын және орта бизнесті дамытуға бағытталған мемлекеттік қайтарымсыз гранттардың пайдасын жергілікті жұрттың көруіне ықпал етуге тырысамын.

3. Әлемдегі бірқатар мемлекеттегі экономиканың негізгі тірегі болып отырған туризмді елімізде дамытуда тұсау болатын кедергілерді жоюға, қасиетті нысандар мен тарихи ескерткіштерді қорғауға және әлемдік деңгейде насихаттауға, өлкетанушыларға қолдау көрсетуге бағытталған жаңа идеяларға көмек көрсету. Жетісу өңірінің туризмдік әлеуетін тиімді пайдалансақ, облысымыз дамитыны анық.

4. Өткен 30 жылда беделі түсіп кеткен әр саладағы ғалымдардың еңсесін тіктеп, ғылымға құрметті жақсарту. Жас ізденушілердің инновациялық идеясын өндірісте жүзеге асыруға жол ашу. Соның ішінде ауыл шаруашылығы және қазақтың ата кәсібі саналатын төрт түлікті сапаландыруға бағытталған ғалымдардың, тәжірибелі шопандардың, қарапайым егінші-малшының жетістігін жетілдіруге қолдау таныту.

5. Ұлттық мәдениет, менталитет, өнер, патриоттық тәрбиені насихаттап жүрген бірлестіктер мен үкіметтік емес ұйымдардың және этномәдени орталықтардың жұмысын жетілдіру, ауылдағы он саусағынан өнер тамған еңбек адамдарының, отандық өнертапқыштардың жетістігін әлемдік деңгейге көтеруге бағытталған жаңа идеяларға, үлкен-кіші, ата-ана мен бала, ер мен әйел арасындағы қарым-қатынасты реттеп, мерейлі ұлт қалыптастыратын барлық жобаларды қолдау.

6. Қазақ мемлекеттігі мен тарихын нақтылайтын тарихшылардың еңбегін елеп-ескеретін, шетел архивтеріндегі тарихымызға қатысты құжаттарды іздеп табуға бағытталған шараларға атсалысу. Музей ісіне қолдау танытып, кітапханашылардың беделін көтеруге атсалысу. Сол арқылы өткенімізді түгендей отырып, мемлекетіміздің әлем алдындағы беделін нығайтамыз.

7. Қазақ баспасөзінің қайта түлеуін, әсіресе, облыстық, аудандық басылымдар мен телеарналардың материалдық, қаржылық мұқтаждығын шешу арқылы шығармашылықты арттыруға атсалысу.

8. Оқушылардың санасына күш түсіретін, ата-ананы шаршатып біткен сауатсыз, сапасыз оқулықтардан арылып, бұл салаға нағыз мамандардың келуіне күш салу. Президенттің «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясындағы шараларды қолдау, балаларды еңбекке баулитын еңбек сабағының жүктемесін, оқушылардың патриоттық сезімін ұштап, Отан қорғауға дайын болуын қалыптастыратын алғашқы әскери дайындық сабағын қайта қайтаруға қатысты шараларды қабылдауға әрекет ету. Шетелден келген қандастардың талантты жастарын жебеп, олардың елге, жұртқа қызмет етуіне ықпал ету.

Бұл айтқандарым жүрегімнен шыққан уәделерім. Өйткені, ширек ғасырлық журналистік тәжірибемде осы тақырыптармен бетпе-бет келдім. Бұған дейін өзім атқарған жұмыстарым және алдағы уақытта да осы бағыттан жаңылмаймын. Десе де, сайланып жатсам, бұл міндетім елге қызмет етуге үлкен септігі болар еді деп ойдамын. Сондықтан қолдауларыңыз аса қажет.

Тапсырыс беруші Ершат ӘНДАС
Жетісу облысы бойынша №17 бірмандаттық округтен ҚР Парламенті Мәжілісіне кандидат Қажет Андастың сайлау қоры есебінен төленді.

AMANAT

Ашық әңгіме өрбітті

«AMANAT» партиясының Жетісу облыстық сайлауалды штабының мүшелері Бейсен Құранбек атындағы Журналистер үйіне арнайы келіп, тілшілер қауымымен ашық әңгіме өрбітті. Кездесуде партияның сайлауалды бағдарламасы түсіндіріліп, келешектің кемел болуына қажетті тетіктерді жүзеге асырудың жолдары талқыланды.

Кездесуде кезекпен сөз алған биылғы сайлауға партиялық тізіммен қатысып жатқан Болат Керімбек, Арыстанғали Арын және облыстық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Ермек Келемсейіт «Jetisý», «Вестник Жетісу», «Талдықорған» газеттері мен «Жетісу» телеарнасының қызметкерлеріне қоғамдағы өзекті мәселелерді шешудің маңыздылығын атап өтіп, сайлауалды бағдарламада көрсетілген бағыттарды елге жеткізу керектігін алға тартты. Жиында сөз алған журналистер қауымы өздерін толғандырған сұрақтарды қойып, ұсыныстарын ортаға салды.

Кездесуге қатысушылар естелік суретке түсті.

«JETISÝ»-АҚПАРАТ

QAZAQSTAN HALYQ PARTIASY
НАРОДНАЯ ПАРТИЯ КАЗАХСТАНА

Ұстаз бен дәрігер мәртебесі

«Қазақстан халық партиясының» атынан ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттығына үміткер Ирина Смирнова Солтүстік Қазақстан облысының халқымен онлайн режимде кездесу өткізді.

Өз партиясының сайлауалды бағдарламасын қашықтан таныстырған кандидат алдағы жылдарға жоспарланған жобаларын паш етіп, денсаулық сақтау саласындағы өзекті мәселелерді қозғады. Оның айтуынша, бүгінгі күні қазақстандықтар дәрігердің қаралуына жазылудың қиындығына жаппай шағымдануда. Оның үстіне соңғы жылдары іске қосылған Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі өз-өзін ақтамаған.

– Ең өкініштісі еліміздегі ұстаздар мен дәрігерлер әлі де жоғары айлық пен әлеуметтік статусқа мұқтаж. Өйткені, олар айлықты бюджеттік салада әлі күнге дейін кеңестік кезеңнен қалған тарифтік жүйемен алады, ал, базалық лауазымдық жалақы соңғы 10 жылдың ішінде өзгерген жоқ, – деген спикер мұғалімдер мен медицина қызметкерлеріне жанашырлық танытатынын жеткізді.

Сондай-ақ, кездесуде білім саласын жетілдіруге қажетті өзекті мәселелер талқыланды.

ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ПАРТИЯ • ОБЩЕНАЦИОНАЛЬНАЯ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЧЕСКАЯ ПАРТИЯ

Партия бағдарламасын таныстырды

Елімізді әбігерге салған пандемия отандық медицина саласының өзекті мәселелерін әшкерелеп, кемшіліктерді ашып кетті. Әсіресе, карантин кезінде медициналық құрылғылар мен білікті мамандардың жетіспеушілігі көпшілікті қайран қалдырды. Осылайша Қазақстандағы Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің кемшілігі көзге түсті.

Мұндай пікір Қазақстанның жалпыұлттық әлеуметтік-демократиялық партиясының Көкшетауда сайлаушылармен өткізген кездесуінде айтылды. Жиында сөз алған партияның жастар қанатының жетекшісі Мақсұт Насибулов:

– Мемлекеттің азаматтардың денсаулығын сақтау жөніндегі міндеттемелері шикі. Міндетті әлеуметтік-медициналық сақтандыру жүйесі көпшіліктің толық әрі сапалы тексерілуден өтуіне мүмкіндік бермейді. Іске қосылғалы бері бұл жүйе өзін-өзі ақтамады. Соның кесірінен созылмалы ауруы бар науқастар кепілдендірілген тегін дәрі-дәрмекке қол жеткізе алмай жүр, – деп көпшілікті алаңдатқан мәселені ортаға салып, «Қазақстанның жалпыұлттық әлеуметтік-демократиялық партиясы» ұсынған сайлауалды бағдарламаның тиімділігін таныстырды.



Сандуғаш Елубайқызы ДҮЙСЕНОВА, журналист

Депутат – ең алдымен, халықтың жағдайын жақсы біліп, мұңын мұндап, жоғын жоқтауы керек. Жетісу өлкесіндегі журналистік қызметім барысында жергілікті жұрттың жағдайын, әлеуметтің мұқтаждығын жоғарыға жеткізу үшін барымды салдым, талай тағдырға араша түстім, шындықтың салтанат құруына ықпал еттім. Алдағы кезде де осы бағыттан жаңылмаймын, ұстанымымнан айнымаймын. Сонымен бірге ел қамын жеп, жұрттың үмітін үкілеп жүргендеріне қарамастан, өздерінің жағдайы да оңып тұрмаған әріптестерім – журналистердің де қоғам алдындағы мәртебесі жолында да еңбек етуге әзірмін. Қазір қалың бұқара әділдіктен әбден күдер үзгенде, құқық қорғау органдарынан, соттан түңіліп, биліктен жәрдем болмайтынына көзі жеткенде бірінші кезекте журналистерді іздейді. Сондай кездерде әділет іздеген әлеуметтің жанайқайын жалпақ жұртқа жариялап, тиісті орындардың назарына ұсынып, жан таппайтын, солармен бірге күйзелетін журналистерді қолдау керек.



Саят Нұрмұхамедұлы НҮСІПОВ, жеке кәсіпкер

Еліміздегі өзекті мәселелердің негізінде қазіргі мемлекеттік басқару жүйесі мен билік сипатында жатыр. Әділетті қоғам құру үшін ашықтықты, жариялылықты, қолжетімділікті қамтамасыз ету керек. Одан бөлек, азаматтардың әл-ауқатын арттыру халықтың өмір сүру деңгейін өсіріп, шалғай ауыл тұрғындарын жұмыспен, табыспен қамтудың тиімділігі зор. Ол үшін әрбір адам өз аймағының жан-жақты дамуына ықпал ете алуы керек. Осындай аса өзекті тақырыптарды жетілдіру Парламент мәжілісі, барлық деңгейдегі мәслихаттар сынды заң шығарушы органдардың халықтық мүддеге сай қызмет етуіне тікелей байланысты. Мәселені ортасынан шешу үшін Мәжіліс депутаттығына өз кандидатурамды ұсынып отырмын. Бұл тікелей халықтық демократияның көрінісі дер едім.

✓ Мемлекет басшысының тапсырмасы: ІС пен НӘТИЖЕ

Егістік – елдің ырысы

Жетісу облысындағы экономиканың еңсесі биіктеп, жұрттың әл-ауқатының артуына, тұрмысының жақсарып, табысының тасқындауына ықпал ететін жетекші саланың бірі – өсімдік шаруашылығы. Шыбық ексең, бәйтерекке айналатын жер ұйығының бұл бағыттағы әлеуеті аса зор. Соның ішінде бау-бақ өсіру мен егістіктің қосатын үлесі басқаларға қарағанда қомақты. Заманында 30-40 мың гектарға дейін қызылша өсіріліп, бес бірдей зауытта қайта өңдеуден өткізілген тонналаған тәтті түбірден алынған аппақ қантымен талайды таңдандырған өлкеде жайқалған егістіктен жиналған дәнді дақылдар да елдің берекесін асыратын.



Жылдар өтті. Қалыптасқан өндірістік ырғақ үзілді, байланыстар тоқтады. Ауыл шаруашылығында, оның ішінде өсімдік саласында ұзақ жылдарғы тәжірибе барысында сыннан өтіп, қолданысқа енген технологиялық тәсілдер ұмыт қалды. Егістік талаптары сақталмайтын болды. Жердің құнары жойылды. Жүздеген гектар алқаптар қараусыз қалып, арамшөп басты. Бақылаудың әлсіздігін пайдаланған жер иеленушілер топырақтың жағдайын, егістіктің ерекшелігін ескерместен, сұранысқа ие дақыл түрлерін қайта-қайта егу арқылы қара жердің бар нәрін сығып алып, кейіннен қараусыз қалдыруды үйреншікті іске айналдырды. Соның салдарынан құнары қашып, құр тақырға айналған алқаптар саны артты. Айта берсе, мұндай жағдай жетіп артылады. Ғылым мен өндірістің арасы алшақтап кеткені де рас.

Дегенмен, аграрлы облыстағы экономиканың басты тірегінің бірі – әлі күнге дейін өсімдік, оның ішінде егін шаруашылығы болып отыр. Осының алдында жазған мақаламыздың бірінде Жетісу өлкесі бір ғана Алматы облысы болып тұрғанда, Еуропаның бірнеше мемлекеті сыйып кететін өңірде жыл сайын 900 мың мен миллион гектардың аралығында егін егіліп, күзде бұйырған несібе жиналатын. Соның арқасында халықтың қарны тоқ, көйлегі көк болатын. Қыста қатты қысыла қоймайтынбыз. Биылдан бастап өлкедегі екі аймақ жеке-жеке облыс ретінде өз алдына күн кешіп, экономикадағы салалардың мүмкіндігін барынша пайдалануға тырысуда.

Былтыр қазіргі Жетісу облысы алып жатқан аумақтағы шаруалар 309,0 мың гектарда дәнді дақылдар өсіріп, күзде 816,9 мың тонна өнім жинапты. Дәнді дақылдардың орташа өнімділігі гектарына 26,2 центнерден айналған. Жоғарыда айтып өткеніміздей, кейінгі жылдары бүкіл елімізде майлы дақылдар өсіруге үлкен көңіл бөлініп, шаруалардың таңдауы негізінен осы бағытта басымдыққа ие болуда. Жетісулықтар да майлы дақылдарға баса көңіл бөледі. Өйткені жердің ыңғайы да егістіктің осы түріне қолайлы, масақты дәнді дақылдарға қарағанда өнімділігімен қатар өтімділігі де жоғары. Күтіп-баптауға кететін шығыны да аздау. Қалай болғанда да бір кезде дәстүрлі болған, халықтың басты ырыздығы ретінде саналған егістік түрлеріне қарағанда тиімді. Тек жердің құнарын кетіріп, тоздырып жіберетіні бар. Сондықтан тиісті талаптарын қатаң ескерген жөн.

Былтыр жетісулықтар 96,7 мың гектарға орналастырылған майлы дақылдардан 206,2 мың тонна өнім алыпты. Гектар берекелігі 21,3 центнерден болыпты. Сонымен бірге 11,6 мың гектар картоптың әр гектарынан 207,3 центнерден өнім алынып, 240,3 мың тонна картоп жиналыпты. Көкөністер 7,3 мың гектарға егіліп, күзде 223,1 мың тонна өнім алынған, орташа өнімділік гектарына 305,4 центнерден айналыпты. 1,8 мың гектардағы бақша дақылдарынан 50,5 мың тонна өнім жиналған. 4,2 мың гектар қант қызылшасы қазылып, 187,5 мың тонна тәтті түбір алынған, орташа өнімділік гектарына 438,5 центнерден.

Күні кешеге дейін тұғырлы тұлғамыз, дәстүрлі өнеріміздің көшін өрге сүйреген деп келген Сегізсері мен Қожаберген жырау жалған ба? Бұйра қайыңның безіндей құнарлы да нәрлі шығармалары бір адамның қаламынан туындаған, ал асқақ мүсіндері бір шебердің қолынан қашалғаны да рас па?!



ҚР Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қарин мен ҚР Мәдениет және спорт министрі Асхат Ораловтың назарына «Қазақ үні» басылымынан бірқатар қаламгер ашықхат жолдаған. Аталмыш жазба: «Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзінде: «Кейбір адамдардың қалауымен жалған өмірбаяны әдейі қолдан жазылған Кеңес дәуірінің қайраткерлері бар. Ондай жасанды тұлғалардың есімін түрлі нысандарға беруді доғару қажет» – деді.

Міне, осы кеңес дәуірінде қолдан жасалған тұлғалардың ең бастылары – «Қожаберген жырау» мен «Сегізсері», – деп бастап, ары қарай қос «тұлғаны» ойлап тапқан, жасаған, өзін фольклор жинаушысы ретінде көрсеткен Қаратай Биғожин екенін, оның ұлтқа зиянды ісін қазіргі күні бұрын заң қызметкері болған Бекет Тұрғараев бастаған топ жалғастырып жатқанын көрсетеді. Сонымен қатар, ақиқатында бұлардың өмірде болмағаны, қолдан жасалғаны туралы академиялық тұрғыда жан-жақты сараланып жазылған, жарияланған сын мақалалар барын айтып, оны атап та көрсеткен. Жан-жақты мәлімет берілген.

«Жалған тұлғаларды дәріптеу – ұлт тағдыры үшін аса қауіпті» атты мақала соңында бастаманы қолдайтындардың тізімі көрсетілген. Олардың қатарында Светқали Нұржан, Шәмшәдин Керім, Сағатбек Медеубек, Рамазан Стамғазиев, Ерлан Төлеутай, Еркін Шүкіман сияқты бірқатар зиялылар бар.

Яссауидің жеке көрмесі

Елорда төрінде Яссауидің «Дәстүрге толы өмір» атты жеке көрмесі өтуде. Тамыз айының соңына дейін көрерменге есігін айқарған көрмеге ҚР еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, ҚР Суретшілер одағының мүшесі, көптеген халықаралық және республикалық көрмелердің қатысушысы Яссауи Ағытаевтың 70-тен астам туындысы қойылған.

Аталмыш көрменің ашылу салтанатына арнайы келген Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитеті төрағасының орынбасары Данияр Алиев Яссауи Ағытаевтың қазақтың салт-дәстүрін, мәдениетін қылқалам арқылы дәріптеп, еліне аянбай еңбек етіп келе жатқан жан екенін атап өтті. Шындығында Яссауи Ағытаев ғасырлар бойы көшпенділер мұрасы мен Орталық Азияның түрлі мәдениетінің ықпалымен қалыптасқан дәстүрлер мен құндылықтардың бай палитрасын қамтитын қазақ әдет-ғұрыптарына арналған жанрлық композициялардың шебері.

Суретші картиналары Ә. Қастеев атындағы өнер мұражайы, ҚР Ұлттық музейі, Өскемен қаласының тарихи-өлкетану мұражайы, Қызылорда тарихи-өлкетану мұражайы қорлары мен Ресей, Америка, Канада, Франция, Германия, Кипр елдерінің жеке коллекционерлерінің қолында сақталған.

Яссауи Ағытаевтың картиналарындағы көркемдік формалар дәстүрлі күнделікті өмірден бастау алады. Суретшінің картиналарында көрсетілген көріністер қоғамның мәдени сипаты мен құндылықтары туралы түсінік береді. Шебер шығармашылығының әрбір элементі қазақ халқының өмірімен, туған өлке табиғатының қайталанбас әсемдігімен тығыз байланысты. Бұл көрме қарапайым адамдар өмірінің энциклопедиясына иллюстрация бола алады.



✓ МАМАН МІНБЕРІ

ІНДЕТТІ ЖОЮ — МІНДЕТ

Жемқорлықсыз қоғам заң һәм құқық үстемдігінің және әділетті қоғам құрудың алғышарттарының бірі. Сыбайлас жемқорлық мемлекетіміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына, мемлекеттік билікке халық сенімінің орнығуына, нарықтық экономика жағдайында инвестициялар тартуға, елдің ұлттық қауіпсіздігіне, жан-жақты дамуына қатер төндіретін індет және мемлекетіміздің халықаралық беделіне нұқсан келтіретін теріс құбылыс. Бұл қатерлі дерт тек бізді ғана емес, бүкіл өркениетті мемлекеттерді де алаңдатып отыр.



Елімізде бұл бағыттағы заңнамалар жетілдіріліп, жауапкершілік шаралары күшейтілуде. Сыбайлас жемқорлыққа қатысты ауыр және аса ауыр қылмыс жасағандардың шартты түрде мерзімінен бұрын босауына Қылмыстық кодекспен тыйым салынған, сондай-ақ тараптардың бітімге келуіне байланысты жауапкершіліктен босату, кепіл белгілеу нормалары да кодекстен алынып тасталды. Қазіргі уақытта осы санаттағы қылмыстар үшін бас бостандығынан айырумен бірге тәркілеу және еселеп айыппұл салу жазалары да қолданылады. Сонымен қатар, мемлекеттік билік, құқық қорғау салаларының қызметкерлері де көпшілікке сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және онымен қалай күрес жүргізу туралы түсіндірме жұмыстарын да жүргізіп келеді.

Негізінен құрамына лауазымдық қылмыстар кіретін сыбайлас жемқорлық қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, парақорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, көрінеу жалған сөз жеткізу, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету, сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады.

Еліміздегі соттар мен құқық қорғау органдары қызметкерлерінің, пара бергендердің және арадағы делдалдар жауапкершілігінің күшейтілуі, сондай-ақ, мемлекеттік қызметшілердің, депутаттардың, судьялардың шетел банктерінде есепшот ашуына, қолма-қол ақша және бағалы заттар сақтауына шектеу қойылуы өз кезегінде сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендетуге септігін тигізді.

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, жемқорлыққа жол бермеу азаматтардың белсенді қоғамдық позиция ұстануына тікелей байланысты. Әрбір жағымсыз әрекетке жаза берілетіні, оның адамның өз болашағы үшін жағымсыз құқықтық салдары болатыны, қазақы салт-санамызға, ар-ұжданымызға, ұятымызға нұқсан келтірілетіні туралы қоғамда үздіксіз түсіндірме һәм насихат жұмыстары жүргізілуі керек. Заңды құқығын жақсы білетін адам ешқашан сыбайлас жемқорлыққа жол бермейді.

Мемлекетімізде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Мемлекеттік қызмет туралы» және өзге де заңдар мен құқықтық нормативтік актілер, 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегия, арнайы мемлекеттік бағдарламалар қабылданып жұмыс істеуде, сонымен бірге кадр таңдаудағы ашықтық саясаты да жемқорлық деңгейін төмендетуге ықпал етуде.

Өскелең ұрпақты да осындай зиянды әрекеттерден сақтауда алдын ала шаралар қабылданып, олардың отбасында да отансүйгіштікке, ар-ожданды, ұятты, намысты болуға тәрбиелеу мен ұлттық салт-дәстүрді құрметтеуге бағытталған шараларды кеңінен жүзеге асыру керек. Осы мақсатта орта білім беру мекемелеріне оқушыларға құқықтық тәрбие беретін арнайы маман штаты беріліп отыр. Сонымен бірге жемқорлық, парақорлық әрекет жасағандарға қолданылған қылмыстық және өзге де жауапкершілік шаралары туралы бұқаралық ақпарат құралдарында жариялап отыру да жемқорлық көріністерімен күресте тиімді әрекет болмақ. Себебі «Жаңа һәм әділетті Қазақстанды» құруда мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың бұқаралық ақпарат құралдарымен тығыз ынтымақтастықта жұмыс істеуі жемқорлықпен күресте жақсы нәтижеге қол жеткізеді.

Сыбайлас жемқорлық сияқты індетке бүкіл қоғам болып бірлесе қарсы тұру жан-жақты дамыған әділетті һәм өркениетті қоғамда өмір сүргісі келетін әрбір адамның міндеті екенін саналы түрде ұғыну, ал сол міндетті адал атқару баршаның бұлжымас парызы екенін түсінуіміз керек.

Бекмұхамет СЕРІКБАЕВ,
«Мейірім» арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» КММ заңгері
Жаркент қаласы

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Жетісу облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі
Меншік иесі:
ШЖҚ «Жетісу Медиа» МКК
Басшы:
Шыңғыс БОЗЫМ
Басшының қабылдау бөлмесі: 40-20-71
Бас редактор:
Жұматай ӘМІРЕ

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылғы 13 ақпанда тіркеліп, № KZ44VPY00064518 куәлігі берілген.
Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Қабылдау бөлмесі — **40-20-64**, бас редактордың орынбасарлары — **40-20-65, 40-20-67**, жауапты хатшы — **40-10-30**, бөлімдер — **40-00-98, 40-11-19, 40-00-15**, уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі — **40-20-78**, фототілшілер — **40-20-79**, жарнама бөлімі — **40-20-69, 8 775 355 89 58, 8 747 410 69 09**.
Меншікті тілшілер: Панфилов ауданы — **8 708 442 43 76**,Сарқан, Ақсу аудандары — 8 701 779 19 38.
Газет табыс етілмесе — **8 (7282) 30-69-47** телефонына хабарласу керек.

Кезекші редактор: Айдар ҚАЛИЕВ

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.
Компьютерде 16-шы қаріппен терілгенде 4 беттен асқан материал қабылданбайды.
«Jetisý» газеті мен сайтында жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.
Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері бойынша сенім телефоны: 87773880990

«Jetisý» газетінің компьютер орталығында теріліп,беттеледі. Газет аптасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі,сенбі күндері қазақ орыс,ағылшын тілдерінде шығады.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі,32-үйде,"Алматы – Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.
М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Тапсырыс — 920
«Жетісу Медиа» МКК басылымдарының жалпы таралымы — 20 100, оның ішінде «Jetisý» газетінің осы шығарылымының таралымы — 13 015. Индексі – 65469.

КОНКУРСЫ

От коворкинг - центра до короткометражного фильма

Жансая ЕРЖАНКЫЗЫ

Инновационные идеи молодежи области Жетісу поддерживаются благодаря различным проектам. В текущем году был объявлен конкурс грантов для молодежи «Тәуелсіздік ұрпақтары», целью которого является формирование активного творческого молодежного сообщества, оказание финансовой поддержки в реализации их новых идей и инициатив, стартап-проектов.



Фото Дмитрия ЕРОФЕЕВА.

Гранты предоставляются на конкурсной основе по 5 направлениям: «Наука», «Культура», «Бизнес», «Информационные технологии» и «Медиа». Для реализации проекта по каждому направлению победителю конкурса предоставляется грант в размере 3000000 тенге. Согласно условиям конкурса, победители проекта должны реализовать его в течение 1 года. Свои идеи предлагали молодые люди в возрасте от 14 до 35 лет.

Всего в конкурсе приняли участие около 100 проектов. Победителями стали 10 из них, признанных лучшими решением конкурсной комиссии. В число обладателей грантов вошли: Жансерик Байденов (укрепление психологического здоровья несовершеннолетних и профилактика суицидального поведения), Ева Шешукова (фантом Вселенной), Гульден Серикова (жыр терапия), Салтанат Жаксылыкова (открытие коворкинг-центра), Аслан Оралхан (мобильная иппотерапия), Жалгас Ахметов (электрический мотоцикл Smart), Жалгас Манархан (голографический 3D-вентилятор), Женис Молдахметов (применение виртуальной реальности в системах архитектуры и образования VRHouse), Атамура Мусаханов (съемка короткометражного фильма «Қасқыр ұлыған түнде»), Диас Наби (мобилография). В церемонии награждения принял участие заместитель акима области Жетісу Рустам Али.

- В первую очередь, от лица областного руководства хочу поздравить всех победителей. Множество проектов было рассмотрено, из них отобрали 10 лучших. В целом, в нашем регионе проектов, направленных на поддержку молодежи в различных сферах, немало. Обеспечение работой, жильем, выдача микрокредитов и такие программы, как «Тәуелсіздік ұрпақтары», продолжают помогать молодому поколению. Пусть это достижение станет для вас начальным этапом, чтобы в будущем вы смогли представить свои проекты и на международном уровне, – отметил Рустам Али.

- Я хотел снять короткометражный фильм «Қасқыр ұлыған түнде» по произведению Оралхана Бокея. Для реализации идеи мне нужна была финансовая помощь. Так пришло решение принять участие в программе «Тәуелсіздік ұрпақтары». В итоге я успешно защитил свой проект и выиграл грант, – поделился обладатель гранта по направлению «Медиа» Атамура Мусаханов.

Грант «Тәуелсіздік жастары» придаст импульс развитию молодежной политики и даст огромную поддержку талантливой молодежи региона.

ДУХОВНОЕ НАСЛЕДИЕ

Плоды родительского воспитания

Бейбит МАМЛЕЕВ

В городской центральной библиотеке им. В. Маяковского был проведен финальный тур областного конкурса «Андас Омарақын оқулары». Его организаторами были управление образования области Жетісу, областная газета «Жетісу», региональный филиал АО «Казпочта» и семья Андас.


Фото Дмитрия ЕРОФЕЕВА.

Кажет Андас в приветственном слове осветил историю создания и прохождения данного проекта. Заместитель главного редактора газеты «Жетісу» Мади Алжанбай в своей речи отметил: «Есть пословица в казахском народе: «Добрая слава отца сорок лет служит непутевому сыну», а в нашем случае сын прославляет трудовую жизнь и творческое наследие отца, окончившего земной путь. Уверен, что данный конкурс принесет хорошие результаты в деле воспитания подрастающего поколения, которому необходимо привить интерес к истории и будущему Казахстана. Андас Омаракын в своих книгах «Тарих толқынында», «Дода», «Жылдар ізі» осветил историю, культуру, искусство и другие сферы жизнедеятельности казахского народа, проживающего в Китае и Казахстане».

Также свои напутствия, пожелания удачи конкурсантам дали заместитель директора областного филиала АО «Казпочта» Болатхан Ержигитов, преподаватель, кандидат географических наук высшей школы естествознания Жетысуского университета им. И. Жансугурова Еркин Токпанов, супруга Андаса Омаракына, обладательница ордена «Парасат», подвески «Алтын алқа» Ауесхан Мажайкызы. Затем была проведена церемония презентации новой книги «Андас Омарақын оқулары».

Полтора года назад был дан старт этому проекту. Для его проведения сначала отредактировали рукописи Андаса Омарақына и издано трехтомное произведение «Тарих толқынында», «Дода», «Жылдар ізі». Затем провели презентацию этих книг во Дворце языков г. Талдыкоргана с участием интеллигенции, поэтов, писателей, краеведов, историков, журналистов и потомков автора. Об этом мероприятии опубликовали материалы корреспонденты республиканских, областных изданий.

После этого в рамках отборочного тура «Читающая школа» были определены 30 талантливых, любознательных учащихся школ из двух городов и восьми районов области, которые стали участниками конкурса «Андас Омарақын оқулары». Они участвовали в очередном туре творческого соревнования, проводимом в течение полугода в онлайн формате. 17 школьников, выполнившие полностью и качественно все задания по семи направлениям, получили путевки на финальный тур данного конкурса. Все их труды были включены в новую книгу «Андас Омарақын оқулары».

Участники состязания сняли различные видеоролики, разместили их в социальных сетях, а также провели среди школьников работу по популяризации творческого наследия Андаса Омарақына. По результатам 20 мая опубликованные видео посмотрели 5726 человек, отметили лайком 1666 человек, а написали комментарий 1002 пользователя социальных сетей.

Это свидетельствует о проявленном со стороны общественности интересе к книгам Андаса Омарақына «Тарих толқынында», «Дода», «Жылдар ізі».

Участники конкурса написали 80 стихотворений, 31 статью, 10 материалов были опубликованы в различных печатных изданиях.

В финальном туре поэты продекламировали свои стихотворения, посвященные Андасу Омаракыну, краеведы защитили свои научные работы, а акыны состязались в айтысе.

Первого места удостоились: в состязаниях поэтов - Арайлым Жанахмет (Алакольский район), айтыскеров - Улан Нурбол (Ескельдинский район), краеведов - Жанель Жумагали. Они награждены премиями по 30 тысяч тенге.

Багдар Нурланжан, Улдана Нусипжан (Аксуский район), Зере Куаткызы (Коксуский район), Айжан Данабай (Талдыкорган) заняли второе место и получили по 25 тысяч тенге.

Дильнар Баймурат (Кербулакский район), Ескендир Мусахан (Панфиловский район), Кырмызы Бейсенбей (Текели), Айсу Турдыгазы (Кербулакский район), Мармар Айкынбайкызы (Саркан), Турсын Нурбакыт (Панфиловский район) заняли третье место (премия 20 тыс. тенге).

В целом, на реализацию проекта «Андас Омарақын оқулары» от издания вышеупомянутой новой книги до проведения последующих мероприятий с финальным туром было затрачено 6 500 000 тенге. Эти финансовые средства были направлены из бюджета членов семьи Андас.

- Главное, чтобы областной конкурс «Андас Омарақын оқулары» достиг высокого уровня качества. Планируем его организовывать и в дальнейшем, - отметил журналист областной газеты «Жетісу» Кажет Андас.

АКТУАЛЬНО!

Городские автобусы, как воздух, нужны ушаральцам

Василий ВОРОБЬЕВ, Алакольский район

И это не просто громкие слова. Это насущная проблема для горожан, которые сегодня могут добраться с окраин Ушарала – микрорайон «Тарлан» на восточной, поселок ПМК с южной и район «5 магазин» с западной - в центр только на такси или пешком. Взрослые - на работу или в госучреждения по делам, дети – в школы. Платить таксисту 500 тенге в один конец ежедневно накладно, а преодолевать по 1,5-3,5 километра за раз «на своих двоих» трудновато, особенно пенсионерам. Так что городской транспорт просто необходим ушаральцам.



Действительно, районный центр год от года растет: численность населения превышает 19000 человек, его площадь за счет строительства многоэтажных домов и частного сектора увеличивается в восточном и юго-восточном направлении. А вот общественного транспорта нет от слова «совсем». Зато имеется такое количество неорганизованных или, как еще их называют, «диких» таксистов, у которых на территории города «свои» 12 точек, на которых более 250 машин. И это не считая таксистов из близлежащих сел и аулов! Довезут куда угодно за 500 тенге, будь то пара кварталов или солидные полтора-два километра.

Проблематично добираться жителям нового микрорайона «Тарлан», который все называют так по имени расположенного здесь ФОКа. В нем два 60-квартирных и три 20-квартирных жилых дома. К зиме будет сдан в эксплуатацию еще один 60-квартирный дом, начато строительство еще одного, аналогичного. Представляете, сколько человек, направляясь на работу, а дети в школы, задаются утром вопросом: «А как добираться – пешком, проситься опять со знакомыми на машине или на такси?!»

А километраж таков. От микрорайона до центра города (условно) - 2 километра. Здесь расположены средняя школа №1, районный акимат, ЦОН, РОВД, «Телеком» с почтой, отделения банков, четыре аптеки, супермаркеты, рынок и т.д. Еще два километра вверх по улице Конаева и направо по улице Женис и Вы у городского акимата с отделом образования и школой имени Абая. Еще километр – школа №2 и так называемый район 5 магазина. Окраина города.

Идеальный маршрут для городского автобуса, который охватывает практически все значимые для горожан объекты. Можно начать с двух автобусов (или нескольких маршруток), в идеале – четырех, чтобы график движения соблюсти. Но их нет, как нет и остановок общественного транспорта. И, похоже, районному и городскому акиматам до простых людей дела нет. Добирайтесь до работы или в школы, в присутственные места как хотите! Хоть пешком, хоть на такси, хоть на собственном вертолете (шутка, конечно).

В конце минувшего года предприниматель Аскар Себепов попробовал как-то решить проблему. Купил городской автобус «Мерседес» за 5 млн тенге, нанял водителя и запустил маршрут. Но один автобус на столь протяженный маршрут проблему не решил. Отсутствие своей базы (теплый бокс, возможность техобслуживания и т.д.), субсидий на пассажирские перевозки, дефицит дизтоплива и, главное, его стоимость свели на нет доброе дело. Ни автобуса, ни маршрута сегодня нет.

Так что ушаральцы вновь остались с проблемой, как говорится, «один на один». А впереди - начало нового учебного года. Может быть, властям запустить для начала хотя бы чисто школьные автобусы, чтобы дети СШ №1 и Абая могли учиться без проблем?! А взрослые подождут, им не привыкать. Они перестройку пережили.

БРИФИНГИ

Новый учебный год - не за горами

Аида САБИТ

В этом году абитуриентам области Жетісу выделено 100 грантов акима области, 60 из них - представителям социально уязвимых категорий граждан и еще 40 распределены по общему курсу. Сейчас принимаются заявления на получение гранта, а итоги будут подведены 19 августа.

Об этом на информационной площадке РСК рассказал руководитель управления образования области Жетісу Марат Сулейменов. На пресс-конференции также был поднят вопрос, касающийся готовности школ области Жетісу к новому 2023-2024 учебному году.

- В регионе ведется ремонт ряда образовательных учреждений, первого сентября все школы откроют свои двери для учащихся. Однако, есть главная проблема – дефицит кадров. В сфере образования не хватает 157 специалистов русского языка и литературы, английского языка, математики, физики и химии, - отметил спикер.

По словам Марата Бекбосыновича, активно ведется подготовка к началу учебного года. В рамках акции «Дорога в школу» выделена единовременная финансовая помощь, которую получили двадцать две тысячи учащихся. Кроме того, благодаря спонсорской поддержке будут собраны в школу пятнадцать тысяч детей.

По распоряжению Главы государства все учащиеся начальных классов будут обеспечены горячим питанием, в том числе выделены места для питания в сельских школах и заключены договора с поставщиками.


Фото Дмитрия ЕРОФЕЕВА.

Протянуть руку помощи

Мурат ТУГАНБАЕВ

На днях на информационной площадке «Jetisý Media» состоялся очередной брифинг с участием сотрудников социального центра поддержки семьи «Жанұя»: юриста Айдарбека Намазбаева и психолога-практика Индиры Касымкызы.

Они выступили с отчетом о проделанной работе центра за первое полугодие нынешнего года. Спикеры отметили, что только с начала текущего года в социальный центр «Жанұя» обратились более 500 граждан. Здесь оказывает помощь в изучении казахского, английского языков и математике. На сегодня более сотни детей ежедневно получают услуги дополнительного образования.

За юридической помощью обратились 225 человек. Среди самых распространенных запросов были услуги по вопросам получения жилья, грантов для малого бизнеса, взыскания алиментов и другие. Также при центре действует психологическая служба. 290 человек получили консультации по интересующим вопросам в данном направлении. Из социальных услуг наибольшей популярностью пользовались вопросы трудоустройства, оформления адресной социальной помощи, выплаты пособий. Подобная помощь оказана 148 услугополучателям.

Кроме того, центр оказывает поддержку семьям, находящимся в трудной жизненной ситуации. Ежедневно сюда обращаются от семи до десяти человек, благо центр располагается в одном здании с центром занятости города Талдыкоргана. Первоначально большинство посетителей составляли женщины, но с недавних пор отцы семейств также стали обращаться за консультацией по вопросам переобучения и трудоустройства. Также в социальном центре организовано обучение массажу, компьютерной грамотности, парикмахерским услугам, кондитерскому делу. В дальнейшем люди, прошедшие обучение и вооруженные новыми знаниями, имеют возможность трудоустроиться или открыть собственное дело.

В завершение встречи спикеры ответили на многочисленные вопросы журналистов.

✓ ӨЛКЕТАНУ



«Әркімнің туған жері – Мысыр шаһары» дегендей, менің туған ауылым Малайсары батырдың тарихымен тамырласып жатады. Дегенмен, халықтың қатал сүзгісінен өткен тарих қана ұрпақ жадында мәңгілік сақталады. Ал өзінің өскен жерінің қадірі мен қасиетін зерделемеген зерттеушінің де еңбегі еленбейді. Осы тұрғыдан келгенде Андас Омарақынның «Тарих талғарында» кітабында Іленің арғы беті, Жоңғар және Жетісу Алатауының түйіскен жеріндегі жер жағдайы мен жартас суреттері, петроглифтер туралы құнды зерттеулер жасалған. Ондағы деректердің Іленің бергі бетіндегі тарихпен тамырлас екендігін оқи отырып, біліп жүрміз. Аталмыш еңбекпен таныса келе өз ауылым жайлы толғанысымды жазуға бекіндім.



ТАРИХ ТАЛҒАРЫНДАҒЫ ҮНДЕСТІК

Мен Кербұлақ ауданы, Малайсары ауылында тудым. Өскен жерімізде де тарихтың сан құпиясы жатқаны белгілі. Тарихқа шегініс жасасақ, Малайсары батыр – тархан туралы осындай мағлұмат бере кетейін. Малайсары батыр шамамен 1700-1756 жылдар аралығында өмір сүрген батыр әрі би. Әкесі Тоқтауыл – батыр, балуан, анасы Мөлдір – қалмақ қызы, қарындасы Гауһар Қабанбай батырдың жары болған қаһарман қыз. Малайсары Абылай ханның сұлтан кезінен сенімді серігі. Шоқан Уәлихановтың еңбектерінде Абылай хан Малайсарының батырлығын, ақылы мен қайратын жоғары бағалаған. Сондай-ақ, қазақтардың Ресейдің қол астына кіруіне қарсы болған. Қазақ-қалмақ соғысын тоқтатып, екі ел арасындағы бейбіт бітім жасау саясатын ұстанады. Өз кезінде қазақ хандығының елшісі салауатымен жоңғар ханымен кездесіп, ел араздығын тоқтатуға күш салған қайраткер. Қазіргі Павлодар облысы, Май ауданында туып, жер жаннаты Жетісудан мәңгілік мекен тапты. Жоңғар Алатауының батыс сілеміндегі тауға Малайсары есімі берілген. Біздің ауылда Малайсары батырға белгі қойылған. Ауылдық мектепте батырдың мүсіні орнатылған.

Айта кетерлігі, ауыл айналасындағы тау беткейлерінде, жартас беттерінде таңбалы тастар өте көп. Таңбалы тастарды зерттеген археолог Алексей Марьяшев көптеген зерттеу жұмыстарын жүргізіп, Арқарлы мен Малайсары сілемдерінде 20-ға жуық осындай тастың барын анықтап, ондағы суреттер қола және темір дәуіріне тән деп тұжырымдаған. Маман бұл аумақты тереңірек зерттеу мақсатында экспедиция ұйымдастыруды жоспарлап жүргенде арманына жетпей, өмірден озып кетті. Көне тарихтан сыр шертетін Малайсары петроглифтерін Үкімет қорғауға алмаса, құнды жәдігерлерден айырылып қалуымыз әбден мүмкін. Бұл – отандық тарихқа жасалған үлкен қиянат болар еді. Осы тұста Малайсары жартас суреттері мен петроглифтерінің Андас Омарақынның «Тарих талғарында» кітабында жазылған Іленің арғы бетіндегі Зекті, Қызылқорым, Текес, Моңғолкүре, Жырынтай, Ағаяз жартас суреттері және петроглифтерімен тарихи тамырлас екендігін көруге болады. Алдағы уақытта бұл тақырыпты салыстырмалы түрде зерттеу керек.



Ауылымыз Малайсары батырдың есімімен байланысты болғандықтан жерлестеріміз өрлікке, ерлікке, өнерге бейім келеді. Айталық, малайсарылықтар айтыскер ақын Әбікен Сарыбаевтың есімін ерекше құрметтейді. Әсіресе, ақынның:

Домбыра шықса үнің күмбірлеген,
Дауысым бірге кетсе «Бұл кім?» деген.

Баласы Күреңбелдің Әбікен ғой,
Жүз топта қаршығаға ілдірмеген...

– деген өлеңін жастар жағы мақтанышпен айтып жүреді. Андас Омарақын да Әбікен атамыз сияқты қазақ айтыс өнерін жалғастырушылардың бірі. Оның «Дода» атты кітабында арғы беттегі айтыскерлердің мұрасы жинақталған. Ал Әбікен атамның ұлы Серік ағам да атамыздың жолын қуалап, таланты дарыған қаламгер, көсем сөзден түйін түйген тілші. Ал Андас атамыздың ұлы Қажет Андас та қазақ баспасөзінің қара шаңырағы саналатын «Жетісу» газетінің тілшісі.

Малайсары ауылынан мұнан басқа да таланттар көп шықты. Мектеп кітапханасындағы «Құлжа сақа», «Арша жұпары», «Жыр жүйрігі Әбікен» және «Жегі» шығармаларын оқушылар қолынан тастамайды. Ал Әбікен Сарыбаев атамыздың жиен немересі, әртіс Ерлан Кәрібаев та талай жастың үмітін үкілеп жүр. «КТК» телеарнасының жаңалықтарын жүргізетін Асыл Махметов, әртіс, режиссер, автор, бас продюсер Ерлан Қасымжанұлы Алматыда туғанымен Малайсары атындағы орта мектептің түлегі.

Ауылым жайлы шағын жазбамды Малайсары орта мектебінің кітапханашысы Айгерім Абдулмажитқызының өлең жолымен аяқтағым келеді.

Әдемі, әсем менің туған өлкем,
Ауылым Малайсары неткен көркем?!
Күреңбелдің жерінде орналасқан,
Ауылдастың бәріне ыстық мекен.

Көктем келсе ауылым гүлденеді,
Сарғалдақтан сары кілем төселеді.
Сай-саладан сарқырап аққан жерде,
Ауылға бір әдемі сән береді.

Ыстық қой әр адамға туған жері,
Тауы, тасы, ауасы, бәрі әдемі.
Жусаны ауылымның өзі жұпар,
Әдемі табиғаты көзді тартар.

А. ТҮРДЫҒАЗЫ,
Малайсары атындағы орта мектептің оқушысы

Кербұлақ ауданы

ALAMAN

«Jetisýdyń» sport alańy

«Аламан» мүйісін жүргізген Серік ҚАНТАЙ

✓ ЕРЕЖЕСІЗ ЖЕКПЕ-ЖЕК

Нэшвиллде (Теннесси, АҚШ) аралас жекпе-жектен UFC on ESPN 50 турнирінде жеңіл салмақта дебют жасаған қазақстандық Асу Алмабаев жеңіске жетті. Ол екінші раундта қарсыласы ямайкалық Оде Осборнды тұншықтыру әдісін пайдалану арқылы ұтты.



Алғашқы кездесуде жеңіске жетті

Турнирдің бірінші кездесуінде 29 жастағы қазақ файтері дебюттік жекпе-жегін өткізіп, мерзімінен бұрын аяқтады. Бұл жөнінде әлемнің белгілі мамандары жақсы пікір айтып, әлеуметтік желіде жеңісін жарыса жазуда. Ал жеңіске жеткен азаматтың өзі болса Instagram желісіне: «Шүкір, баршаңызға Аллаһ разы болсын, Қазақ елім! Пришел! Увидел! Задушил!» деп жазды.

Жекпе-жектен кейін октагон ішінде сөз сөйлеген Асу Алмабаев 2025 жылы UFC лигасында чемпион болуды мақсат тұтқанын айтты.

Бұл Асудың ережесіз жекпе-жектегі сегізінші жеңісі. Ал қарсыласы Осборн алтыншы рет жеңіліп отыр (UFC-де 8 кездесу өткізіп, 4 жеңіс, 4 жеңілісі бар).

✓ ФУТБОЛ

Ел біріншілігінің 18-туры аясында «Жетісу» Талдықорғандағы орталық алаңда тәріскейден келген «Қызылжарды» қабылдап, 1:1 нәтижесімен тең ойнады. Екі гол да бірінші таймда болды. Одан кейінгі екі команданың ойыны алмакезек шабуылмен өрбігенімен голды көре алмадық.



Өз алаңында тең түсті

Әуелі қонақтар есеп ашқан. Бұрыштан көтерілген доп кедергісіз айып алаңында тұрған ойыншы Евгений Березкиннің аяғынан табылып, талдықорғандық ұжымның қақпасында тұрған Андрей Пасеченкоға еш мүмкіндік қалдырмаған. Ал бірінші тайм түгесілер тұста жетісулықтар айып добын орындауға мүмкіндік алды. Айып соққысын орындаған Никола Цуцкич жанындағы Асхат Балтабековке пас берген. Ал Балтабеков айып алаңының сыртынан шірене теуіп, допты тоғыздыққа тоғытты.

Бұл Асхат Балтабековтың ел чемпионатындағы екінші голы. Осыған дейін 12-турда «Каспий» қақпасына гол салған. Ал чемпионатта 5 пас берді. Бұл жетісулық сол қапталдағы қорғаушының карьерасындағы ең нәтижелі маусым. «Жетісу» турнирлік кестеде 18 ойында 24 ұпай жинап 8-орында тұрса, «Қызылжар» 29 ұпаймен 4-орында қалды.

✓ ВЕЛОСПОРТ

Әлем чемпионы атанды

Олимпиада чемпионы (2012, Лондон) бүгінде «Astana Qazaqstan Team» менеджері Александр Винокуров Шотландияның Глазго қаласында велоспорттан өтіп жатқан әлем чемпионатында жалпы командалық Гран-фондо жарысында (50-54 жас) мәре сызығын бірінші кесті.



Жеңімпаз Александр Винокуров 159 шақырымды құраған Гран-фондо межесін 4 сағат, 5 минут, 22 секундта орындады. Чемпионның соңынан екінші болып испаниялық Рауль Патино, үшінші болып поляк Адриан Яш келді. Жалпы жарыс жолына 213 велошабандоз шықты. Жекелей жарыста Винокуров 50-54 жас аралығы бойынша Азия чемпионы.

✓ ТМД ОЙЫНДАРЫ

Белоруссияда II ТМД ойындары өтіп жатыр. Жарыстың бел ортасына келсе де Қазақстан құрамасы әлі алтын алған жоқ. Жалпы 20 спорт түрі бойынша өтіп жатқан ТМД ойындарында 22 елдің спортшысы бақ сынауда.

Алтынсыз аяқтай ма?



Ел үмітін үкілеген спортшыларымыздың алтынға қол жеткізбегені қынжылтады. Кеше еркін күрес балуандары 3 күміс, 1 қола медаль алды. Жүлдеге іліккен спортшылар ішінде жетісулықтар да бар. Кілемге 79 келіде шыққан жетісулық Арсен Үрімжан финалға дейін қарсылас шақ келтірмеген. Ақтық сында ресейлік балуан Магомед Магомаевтан жеңілді. Сол сияқты 86 келіде белдескен Мақсат Сатыбалды әзірбайжан Арсений Джиоевтан, 57 келіде күрескен Ерасыл Мұхтарұлы ресейлік Начын Монгуштан финалда ұтылды. Жалпы 10 салмақ бойынша өткен еркін күресте ел балуандары алтынсыз қайтты.

Дәл қазіргі жалпы медаль көрсеткіші бойынша Қазақстан 8 күміс, 13 қоламен 6-орында тұр. Турнирлік кестені 89 алтын, 55 күміс, 33 қола медальмен Ресей бастап тұр. Одан кейін Беларусь пен Өзбекстан келе жатыр.

✓ ЖАЙДАРМАН

Заманауи стадион салынды

Биыл Сарқан ауданында бұқаралық спортқа кеңінен көңіл бөлініп, 4 заманауи және бір жабық стадион қолданысқа енетін болады. Жуырда Қойлық ауылында заманауи үлгідегі стадион қолданысқа берілді.

Орталық стадионды қайта жаңғырту үшін жергілікті бюджеттен 47 млн. теңге бөлінген. Спорт алаңының көлемі 5800 шаршы метрді құрайды. Жаңа сипаттағы стадионда жасанды газон жабындысы бар футбол алаңы мен жүгіруге арналған резеңке жолағы төселген.

Стадионның салтанатты ашылуымен тұрғындарды құттықтаған аудан әкімі Ғалымжан Маманбаев алғашқы допты ойынға қосты.

– Мемлекет басшысы елімізде бұқаралық спортпен шұғылдануды насихаттап қана қоймай, оның материалдық-техникалық базасын нығайтуға да аса көңіл бөліп келеді. Ендігі кезекте осы стадионда өзін шыңдап, ауданымыздың атағын аспандататын, қазақ елі мақтан тұтатын жастарымыз көптеп шығады деп сенемін, – деді өз сөзінде Ғалымжан Қанатұлы.

Орталық көшені жөндеу кешеуілдегенмен Қойлық ауылын дамыту мақсатындағы жобалар жұртшылық назарында. Бүгінгі таңда ауылдың орталық саябағын абаттандыру, Макетов көшесіне жаяу жүргіншілер жолын төсеу, Қабанбай батыр және Майлин көшелеріне орташа жөндеу жүргізу жүйелі қолға алынуда.

Жақсылық ЖОМАРТҰЛЫ

Сарқан ауданы

20 shilde

2023 jyl
beısenbi

www.7-su.kz
Jetisu2002@mail.ru

Тәуелсіздік – бәрінен қымбат!
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

Jetisý

№82 (19221)

ЖЕТІСУ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

✓ ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУ

Облыс әкімі Бейбіт ИСАБАЕВ тұрғындармен кезекті қоғамдық қабылдау өткізіп, жұртшылықтың әлеуметтік-экономикалық мәселелерге қатысты қойған сұрақтарына жауап берді. Жалпы әкім қабылдауына 14 адам кірді. Аймақ басшысына өз басындағы жағдайды айтушылардың басым бөлігі тұрғын үй мәселесін көтерді.

Айдар ҚАЛИЕВ



Суретті түсірген Женіс ЫСҚАБАЙ

БАСПАНА – БАСТЫ МӘСЕЛЕ

Қабылдауға алғаш болып кірген Серікбек Найманханов Талдықорған қаласы, Құрманғазы көшесіндегі жеке секторлы үйлердің маңайындағы балалар алаңының тозығы жеткені туралы және «Жаңа ғасыр» көшесі де жасалмай жатқанын айтты. Балалар алаңы бойынша аймақ басшысы жуырда конкурс өтіп, мердігер компания анықталғанын жеткізді. Қазан айының соңына дейін балалар алаңының жұмысы толық аяқталады. Ал көшенің жөндеу жұмысы тамыз айының соңында бітеді екен.

Еңбек ауылының тұрғыны Нағима Сеитбаталова мүмкіндігі шектеулі ұлы Жандосқа мемлекеттік тұрғын үй қорынан үй берілсе деген өтінішпен келіпті.

– Бір үйде үш отбасы тұрамыз. Балам ауырады. Келінімнің жүрегіне ота жасалған. Сондықтан бізге тұрғын үй қорынан үй алып берсеңіздер. Кезегіміз қайта-қайта сырғи береді. Өзіміз қимылдап грант алсақ па деп едік, оны да қабылдамады. Әбден қажып кеттім, – дейді зейнеткер ана.

Бұл мәселе бойынша Бейбіт Өксікбайұлы: «Кезекке жай тұрып қалыпсыздар. Қазір 2006-2008 жылы тұрғын үй кезегінде тұрғандар баспаналы болып жатыр. Ал сіздер 2014 жылы үйіміз жоқ деп тіркеліпсіздер. 4-5 жылда үйдің кезегі келеді. Біз тұрғындар баспана бақытына жету үшін қызмет етіп жүрміз. Биылдың өзінде 2000-ға жуық пәтер кілті табысталады», – деп үй кезек ретімен берілетінін жеткізді. Сонымен қатар, жауапты мамандарға грант, әлеуметтік көмек жағынан барынша қолдау білдіруді жүктеді. Қала әкіміне зейнеткер ананың кезегі неге сырғи беретінін тексеруді табыстады.

Еркін ауылының тұрғыны, зейнеткер ана Ауесхан Мажайқызы бір әулеттің бес ғасырдан бері тұтынған 3 мың данаға жуық аңшылық, зергерлік, саятшылық, ат әбзелдері, тұрмыстық құрал-жабдықтарды қалай сақтап, бүгінге жеткізгенін әңгімелеп, осы жәдігерлерді ұрпақ өнегесіне айналдыратын отбасылық мұражай ашуды көптен бері армандап жүргенін облыс әкіміне жеткізді. Сондай-ақ, өткен жылы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жетісу жұртшылығымен кездескен кезде Ауесхан апаның сақтап, бүгінге жеткізген мұраларын жоғары бағалап, «Парасат» орденін өз қолымен таққан болатын. Жыл басында Ауесхан Мажайқызы отбасылық мұражай ашу туралы Президентке де хат жазып, өтініш білдірген екен. Бірақ, бұл өтінішті жергілікті органға шешім ету тапсырылған.

«Отбасылық мұражай ашу үшін сіздерге орын алып беремін. Бірақ, оның суы, жарығын төлеп отыра аласыздар ма? Болмаса, құнды жәдігерлеріңізді мемлекетке сыйлық ретінде табыстайсыздар ма? Бұл жайлы алдағы уақытта ақылдаса келіп нақты жауабын беріңіздер», – деді Бейбіт Исабаев.

Тұрғындар денсаулық, баспана, оқу гранты мәселесі бойынша туындаған сұрақтарын қойды. Сауалдардың барлығы хаттамаға енгізіліп, тиісті басқармалар мен аудан, қала басшыларына нақты тапсырма берілді.

✓ ЖИЫН-ТЕРІН

Туризм саласындағы жетістігі арқылы өңір экономикасына үлес қосып отырған алакөлдіктер мал санын мыңғыртып, егін шаруашылығын да өркендетіп келеді.

Мол өнім жиналады

Қажет АНДАС

Биыл аудан бойынша 45907 гектар алқапқа дәнді дақыл себілген. Оның 7600 гектарын күздік бидай құрайды. Қазіргі уақытта күздік бидайды жинау науқаны басталып, 100 гектардан артық алқап шабылып, гектар берекелігі 17 центнерді құрап отыр. Егінді жинау бойынша 3 комбайн, 4 тасымалдаушы машина тынымсыз жұмыс істеуде. Көктем және жазғы уақыттағы ауа райы қолайсыз болса да дикандардың көңілі тоқ. Ауыл шаруашылығы саласының мамандары егін орағы енді басталғанын еске салып, егін жинау науқаны аяқталғанда өнім көлемінің арта түсетініне сендірді.

Жалпы, аудан бойынша 51838 гектар шабындық жер бар. Сондай-ақ, биыл 13918 гектарға мал азығына керекті азықтық дақылдар себілген. Оның ішінде көпжылдық шөп 13362 гектар, сүрлемдік жүгері 556 гектарды құрайды. Аудан шаруалары алдағы қыстан қысылмай шығу үшін 280548 тонна жемшөп қорын дайындау керек. Таратып айтар болсақ, 178066 тонна шөп, 27971 тонна пішендеме, 14194 тонна сабан, 25123 тонна сүрлем, 35194 құрама жем дайындалса қыстан қысылмай шығады. Қазіргі уақытта Бескөл, Жағатал, Ақтүбек, Қызылащы, Ақжар, Екпінді, Жыланды, Қабанбай, Көлбай, Теректі, Сапақ ауылдық округтерінде жоңышқаның 1-ші шабу жұмысы басталып, 32684 тонна шөп, 14200 тонна пішендеме бастырылған. Сала мамандары: «Жемшөп дайындау ісі жоспарға сай орындалады», – деп отыр.

Егер жұмыс осылай жалғасса алакөлдіктер егіннен мол өнім жинап, мал азығын да көрсетілген жоспардағыдай орындап шығады.

Алакөл ауданы

● Құрылтайдан кейінгі ой



Тіл тарихы – ел тарихы

2

● Әскери жаттығу



Шеберліктерін шыңдады

3

● Бәрекелді!



Спорт кешенінің қазығы қағылды

4

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:

Талдықорған қаласы,
Жұмахан Балапанов көшесі,
28-үй, 4-қабат

8 747 390 09 90

✓ ӘЛЕУМЕТ

Қоғамға қажет орталық



Суретті түсірген Руслан ҚАДЫРОВ

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның мүшесі Зүлфия БАЙСАҚОВА облысымызға арнайы іссапармен келді. Әуелі Текелі қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Жанұя» отбасын қолдау орталығында болып, мекеме жұмысын аралап көрді.

Отбасын қолдау орталығының директоры Зоя Шаяхметова мекемеге кіргеннен бастап әр бөлмені жеке-жеке таныстырды. Орталық биылғы жылдың 3 шілдесінде ашылды. Дәл қазіргі сәтте төрт баласы бар жалғызбасты анаға көмектесіп жатыр. Ол 14 шілде күні мекеме қызметіне жүгінген. Қызылағаштан келген жанның күйеуі құмар ойынға салынып, үй-күйсіз қалған. Бүгінде құжаттарын реттестіріп, үй мәселесін басты назарға алған. Ал балаларды кішісінен үлкеніне қарай ретімен жазғы демалыс лагеріне орналастырып, тиісті оқыту-баулу жұмыстарын жүргізуде. Көпбалалы анаға орталық Текеліден баспана жалдап берген.

– Текеліде бірінші рет отбасын қорғау орталығы ашылып отыр. Мекеме әлеуметтік, материалдық, медициналық, психологиялық, экономикалық, т.б негізгі 8 мәселе бойынша іс жүргізеді. Жалпы 14 қызметкер бар, оның алтауы негізгі мамандар. Олар әңгімелеседі, тренинг оқиды, түрлі тәжірибеге барады. 3 айда бір мониторинг жүргізіп отырамыз. Алдағы уақытта мекеменің құрылымын кеңейтіп, тігін машинасын, басқа да қажетті құралдармен жабдықтауды жоспарлап отырмыз, – дейді Зоя Шаяхметова.

Арнайы келген Зүлфия Байсақова болса дәл осындай орталықтар көптеген отбасының оңалып кетуіне, аяқтан тұрып қатарға қосылуына айрықша үлес қосар еді деген сенімде. Сөз арасында Ескелді ауданында да ашу керек деген ұсыныс айтып, аудандарды толық қамту қажет екеніне тоқталды. Шағын асханасы, ойын бөлмесі бар мекеме Текелі қаласының бюджетінен жалға алып отыр. Келешекте мекеменің тұрақты орны болса деген тілек де айтылды.

Қали АСҚАР

✓ КӘСІБІ – НӘСІБІ

Жетісу аймағында 6 мыңнан аса кәсіпкер қаржылай емес қолдау алып, жаңа облыс құрылғаннан бастап 1,5 млрд. теңгеден аса жобалар қаржыландырылды.

Тігін қызметін көрсетеді

Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Ақсу ауданы Қапал ауылында шағын тігін шеберханасы қызмет көрсетуде. Оған кәсібін жаңа бастаған Бақытгүл Ырысақын жетекшілік етеді. Ол былтыр осы цехты ашып, ұлттық киім түрлері мен балалар кеудешесін тігуде. Мұнда ай сайын 200-ге жуық өнім жасалады. Кәсіпкер қазір тапсырыс бойынша жұмыс істейді. Дайын бұйымдар тек аудан аумағында ғана емес, сондай-ақ, Жетісу облысынан тыс жерлерде де сатылады.

Кәсіпкер тігін шеберханасын кеңейте отырып, өндірісті ұлғайтуға, сол арқылы 60-қа жуық жергілікті тұрғынды жұмыспен қамтамасыз етуге ниетті. Кәсіпкер келіншек мамандығы бойынша аспаз, 10 жыл бұрын Қытайдан Қазақстанға көшіп келіп, дәмхана ашқан. Сонымен бірге, кесте мен көрпе бұйымдарын тікті.

– Тігін шеберханасының жұмыс істеп келе жатқанына 1 жыл болды. Мен жергілікті тұрғындардың жұмысқа орналасуына көмектесу ниетімен кәсіпкерлер палатасына жүгіндім. Әйелдер кәсіпкерлігін дамыту орталығы істі қалай бастау керек, қай бағытты таңдаған дұрыс екенін егжей-тегжей түсіндірді. Зерделей жүріп Қапал ауылында тігіншілердің аз емес екенін білдік. Нәтижесінде тігін шеберханасын аштық. Өткен жылғы желтоқсан айында мемлекеттік грант байқауына қатысып, бизнес-жоспар ұсынып, 5 миллион теңге ұтып алдым, – дейді Бақытгүл Ырысақын.

Ұтып алған қаражатқа кәсіпкер 14 тігін машинасын сатып алған. Енді оның 14 жергілікті әйелді жұмыспен қамтуға мүмкіндігі бар. Егер тапсырыс көп болса қосымша тігіншілер алынбақ. Жергілікті тұрғындар шеберхананың ашылуы үлкен қуаныш болғанын айтады.

– Цехта еңбек етіп келе жатқаныма 1 жылға жуықтады. Бұл жер маған ұнайды. Жұмыс орнымыз кеңею үстінде. Киімді ұлттық ою-өрнекпен безендіремін. Бақытгүлдің бізді жұмыспен қамтығанына үлкен алғыс айтамыз. Бұған дейін үйде отырған едік, ал қазір тұрақты табысымыз бар, – дейді Қапал ауылының тұрғыны Сарагүл Нүсіпбай.

Өңірлік кәсіпкерлер палатасының төрағасы Дәурен Оңалбаевтың айтуынша, бүгінде Жетісу облысында 60 мыңға жуық шағын және орта бизнес субъекті жұмыс істейді. Облыс аумағында жаңа өндіріс орындары мен цехтар және шеберханалар табысты жұмыс істеп келеді.

Ақсу ауданы

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЖАҢҒЫРУ

ҰМЫТЫЛҒАН ТАРИХ АҚИҚАТҚА АЙНАЛАДЫ

Жетісу облысы әкімдігінің қолдауымен еліміздің егемендігі, жеріміздің бүтіндігі үшін шапқыншыларға қарсы қол бастап, Қызылжар шайқасында ерлікпен қаза тапқан батырлар жерленген жерге ескерткіш қойылды. Жетісу жері міне, осылай 100 оба, Қыз бейіті қорымы деп аталатын тағылымы мен тарихи терең, құндылығы мол тарихи нысанмен толықты.



Шараға қатысқандар ескерткіштің ашылу салтанатына куә болып, ой-пікірімен бөлісіп, өткен күндерге шолу, болашаққа бағдар жасады.

«100 оба, Қыз бейіті» қорымы – қазақ-жоңғар арасында 1698 жылы болған Қызылжар шайқасында қаза тапқан Құдайназар батыр Төнірбердіұлы мен Гүлайым Құдайназарқызы бастаған қазақтың 100 батыры жерленген жер. Аталған шайқастың тарихын түгендеу тәуелсіздік еліміздің ертеңгі болашағы үшін құндылығы мол.

Ескерткіштің ашылу салтанатында Жетісу облыстық қоғамдық даму басқармасы басшысының орынбасары Айдос Есжанов:

– *Тәуелсіздік – Жер бетіндегі барша халық үшін қасиетті ұғым. Қазақ халқы да тәуелсіздікке жету үшін жүгі нарда, қазаны теңде, аяғы үзеңгіде болды. Ата-бабамыз тозақтың өзін, тағдырдың тезін де көрді. Ұлы бабалар ұрпақ үшін, «ұлым – құл, қызым – күң» болмасын деп дәрқан даламыз үшін шайқасты. Арғы замандарды айтпағанның өзінде, тек кейінгі үш ғасырдағы ел ертеңі, ұрпақ қамы үшін жасалған бабаларымыздың ерлік істері ешқашан ұмытылмайды.*

